



ОЙТОЛҒАУ

ӨТЕР ЖЫЛҒА ӨКПЕ ЖОҚ, 2016



КЕЛЕР ЖЫЛДАН ҮМІТ КӨП

Әуелі шүкіршілік айтуымыз керек, 2016 жыл жалпақ жұрт үшін ақ жарылқап жыл болды. Алдымен ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өтіп, өткен жолымыздағы толайым табыстарымызды бір саралап алдық. Соныға із салған сорапта ауыз толтырып айтатын жетістік аз емес екен. Тәуелсіздік жылдары елімізде экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық ахуалды жақсартуға бағытталған шын мәніндегі көзсіз ерлікке пар-пар батыл қадамдар жасалды. Аз ғана уақыттың ішінде ел экономикасына серпін беретін шетелдік инвестициялар тартылды. Зымыран уақыттың безбеніне салып, таразы басына тартар болсақ, қас-қағым сәт болып есептелетін осы бір жылдар ішінде жекешелендіру үдерісінің арқасында ішкі нарыққа халықаралық компаниялар орасан зор қаржы салды. Отандық өнеркәсіп пен ел еңсесін көтеруге айрықша септігі тиетін шағын және орта бизнеске жан бітіп, тамырына қан жүгіре бастады. Қазақстан шынын айту керек, ТМД елдері арасында шетелдік инвестицияны тартудан көш бастаған озық елге айналды. Бір кезде ойсырай ыдыраған өндіріс ересен қайрат пен қажырдың арқасында қайтадан аяғынан тұрып, макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізілді.

1991-1997 жылдар кешегі Кеңес Одағының қолтығынан шыққан мемлекеттер үшін күйреу мен құлдырау кезеңі болып есептеледі. Сол мемлекеттердің көбі екі мыңыншы жылдарға дейін есін жия алмай есенгіреп жатқанда еліміз оқ бойы озық тұрды. Бұл да ел азаматы ретінде жаныңды жадыратып, көңілге сенім бітіріп қанаттандыратын-ақ жай.

Он-солымызға ой көзін жіберіп бағамдасақ, бүкіләлемдік үрдіс пен үдеріске ілесіп алмай жатқан кейбір көршілер саяси-экономикалық іргетасы сәл-пәл осалдау болып жатса, тәуелсіз Қазақстан өзінің етек-жеңін қымтап, болашағына бекем бағдар жасап, қас пен көздің арасында уық-кергесін бекітіп, қадамы нық, алдағы күні айқын мемлекетке айналды.

Өз ішімізде бірліктің бекем болуы берекемізді арттыра түсті. Осындай ынтымақтың арқасында ел тарихының аса бір қарқынды, әлеуетті жолы қарапайым адамдардың маңдай терімен жазыла бастады.

Күллі дүние үнемі өзгеріс үстінде. Өткен жылда да дүбірлі дүниенің арпалысты шағы аз болған жоқ. Әлем экономикасын қаржы дағдарысы тұралатып тастады. Халықаралық нарықта шикізат бағасының төмендеуі шынын айтқанда, еліміз үшін оңай болған жоқ. Бірақ дер кезінде мемлекет

бюджетіндегі әлеуметтік маңызы төмен кейбір шығындарды қысқартып, ұлттық қордағы қысылтаян күндерге сақтаған қаржыны да пайдалануға тура келді. Дағдарыстың дауылы ұйытқи соққан уақытта мемлекет тарапынан ең алдымен, қаржы саласы екінші деңгейлі банктер мен бизнес зор қолдауға ие болды. Айналып келгенде, мұның өзі ішкі экономикалық тұрақтылықты нығайтып, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының тым төмендеп кетпеуіне септігін тигізді.

Бір қуанарлығы, қазақ елі заманалар тоғысында өзінің әу бастағы әлеуметтік ұстанымынан жаңылған жоқ. Еліміздің түкпір-түкпірінде жүздеген мектеп пен аурухана салынды. Тіпті қазіргідей қаржы тапшылығы кезінің өзінде ел экономикасының сауығу мен өсудің нышанын байқауға болады. Мәселен, 2016 жылдың еншісінде құрылыс, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы салаларының дамуы бар екендігін айта аламыз. Әсіресе сан жылдар бойы тасада қалған ауыл шаруашылығын қолға алуымыз құптарлық іс болды. Ата-бабамыздан мұра болып қалған саланы дамыту арқылы тек өзімізді емес өзгелерге де шапағатымыз тиетінін түсіндік. Жеңіл өнеркәсіп дамиды. Тері, жүн өңдейтін өндіріс

орындарының жұмысы жанданады. Дәнді дақылдар мен сүт өнімдерін шетелден тасымал керісінше, өзіміздікі экспортқа шығарамыз. Осының барлығы айналып келгенде, күні кеше ғана Тәуелсіздігіне 25 жыл толған тойын дүйім жұрт болып атап өткен еліміздің жарқын да жасампаз бейнесі.

Өткенді екшеп сөйлегенде, әрине, тұтас бір дәуір тәрізді 25 жылғы ғұмыр тіршілікті толайым айта алмасaq керек. Біздікі өзіміз аңғарған, көңілде жүрген көрікті ойдың шым-шымдаған көрінісі.

Өткен жылғы толайым табыс, алдағы мақсат одан да зор. Әрдайым болашағынан үміт ететін, жақсылыққа сенетін халық алдағы жаңа жылымызда да елдің түтіні түзу ұшып, тіршіліктің ақбас толқындарымен алысқан жұрттың алға қарай жүзе беретіндігіне бек сенімді. Себебі ең бастысы, елімізде ауызбіршілік, татулық бар.

Ел жанашыры — «Жас қазақтың» қадірлі оқырмандары! Алдағы жылы да сіздермен жүздесіп, өздеріңізбен сырласып, ел ішіндегі қадау-қадау мәнді мәселелерді орнымен көтеріп, ортақ іске өз үлесімізді қоса берелік.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Көкшетау



БИРЖАМЕТР


МҰНАЙ (brent)
54,14

DOLLAR
334

EURO
349

РУБЛЬ
5,47

РУХАНИЯТ



Әнде де
тағдыр бар...

«Құлақтан кіріп, бойды алар» дейді ұлы Абай ән жайлы. Санаңа сілкініс тудырып, жан дүниенің әлем-тапырық күйге бөлейтін өнердің осы бір ерекше түрінің бар құдіреті тек әуенінде ғана ма? Музыканы жүрекке мың есе әсерлі етіп жеткізуде орындау шеберлігінің де алар орны орасан.

(Жалғасы 7-бетте)

БАСПАСӨЗ – 2017

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі
65032

«Жас қазақ» газетіне
2017 жылға жазылу жалғасуда

Жазылу мерзімі	Алматы	қала	ауыл
1 айға	225,29	235,86	248,6
3 айға	675,87	707,58	745,8
6 айға	1351,74	1415,16	1491,6
12 айға	2703,48	2830,32	2983,2

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САЙТЫ
jasqazaq.kz



ЖАС ҚАЗАҚ
Тәртібі: 2

Билік

«Қазақстан мен Иран көлік әлеуетін бірлесе пайдалануы қажет». Бұл туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ақордада Иран Ислам Республикасы президенті Хасан Руханиды қабылдағанда мәлім етті. Иран – Қазақстанның Тәуелсіздігін алғашқы болып таныған елдердің бірі. Еліміз үшін мұсылман әлеміндегі ең маңызды серіктес және Каспий жағалауындағы тату көрші.

аталған елдерде тұрақтылық пен қауіпсіздікті қалпына келтіру қажет. Азия өңірінің ықпалды елдері ретінде Иран мен Қазақстан әсіресе экономика саласындағы бірлескен күш-жігерін жалғастыра беруі тиіс», — деді. Сонымен қатар Елбасы мен Иран президенті Хасан Рухани

ИРАНМЕН ТИІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



Мемлекет басшысы «Біз сіздерді дос деп санаймыз. Сіздің кейінгі кездегі ядролық мәселені шешуге сіңірген зор еңбегіңізді Қазақстан халқы өте жоғары бағалайды. Бұл мәселе жөнінде көп еңбек сіңірдіңіз. Дүниежүзінде сіздің бұл жұмысыңыз жоғары баға алды. Міне, сізді осы жеңісіңізбен шын жүректен құттықтаймын», — деген лебізін білдірді. Президент Иран мемлекетінен санкция алынғалы толағай табыстарға жеткенін, сондай-ақ Қазақстан үшін серіктестіктің нығаюына септігі тигенін атап өтті. Ядролық бағдарламаға қатысты санкция алынғалы бір жыл уақыт өтті. Осы аз ғана уақыттың ішінде Иран өз экономикасын жүйелі дамытып, толағай табысқа қол жеткізді. Бұл өз кезегінде екі ел арасындағы қарым-қатынасқа да зор ықпалын тигізді. Елбасы «Біз үшін Иранның жүргізіп отырған саясаты бүкіл Каспий төңірегіндегі елдерге үлкен пайдасын тигізеді деп ойлаймын. Биылғы жылы сәуір айында Техранға сапармен бардым. Енді, міне, Иран президентінің елімізге келуі қос мемлекет үшін пайдалы болып отыр. Мен жасаған сапардан кейін жалпы сомасы 1 млрд доллардан асатын келісімге қол қойылған. Ол жұмыстың барлығы қазір жүріп жатыр. Кейбіреуі ойдағыдай іске асырылуда. Бұл қуантарлық жайт. Бірақ әлі де күш салуымыз керек. Алдымызда үлкен шаруа бар», — деді.

Нұрсұлтан Назарбаев ширек ғасыр ішінде мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас өте қарқынды дамығанын атап өтті. Ынтымақтастықтың барлық бағыты бойынша жұмыс істелді. Техран еліміздің сыртқы істер саяси бастамасының барлығына қолдау көрсетіп келеді. Еліміз Иранға санкция салынған кезде де байланыс үзбеген. Елбасы, сондай-ақ Қазақстан мен Иран көлік әлеуетін бірлесе пайдалануы қажет екенін айтты. Қазақстан-Түрікменстан-Иран теміржолы желісі өңірдегі тиімді көлік коммуникациясы болып саналады. Тек қана елімізден Иранға емес, Парсы шығанағына шығып, сол өңірдегі мемлекеттермен экономикалық қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Бүгінде Иран аумағында астық және контейнер терминалдарын бірлесіп салу жұмыстары қолға алынып жатыр. Кездесу барысында Елбасы Иранның Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен Еуразиялық экономикалық одақта еркін аймағын құру жөніндегі ниетін қолдайтынын жеткізді. Сонымен қатар келіссөздер аясында өңірдің өзекті мәселелері, оның ішінде барлық елге қауіп төндіріп отырған ланкестікке қарсы тұру саласындағы ынтымақтастық талқыланды. Иран президенті «Бүгінде Ирак пен Сирияда орын алып отырған жағдай біздің барлығымызды да алаңдатады. Бұл проблеманы шешіп,

арасындағы келіссөздерден кейін бірқатар құжатқа қол қойылды. Атап айтқанда, Премьер-Министрдің орынбасары ауыл шаруашылығы министрі Асқар Мырзахметов пен Иран ауыл шаруашылығы министрі Махмуд Ходжати екі ел үкіметтері арасында ветеринария және жануарлар денсаулығын қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге, инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек пен Иран құрылыс және жол шаруашылығы вице-министрі Мұхамад Сайид Нежад екі ел үкіметтері арасында сауда мақсатында теңіз кеме қатынасы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге, инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек пен Иран президентінің орынбасары, мәдени мұра, қолөнер және туризм ұйымының төрайымы Заһра Ахмадиपुर өзара топтық туристік сапарларды жеңілдету туралы меморандумға, Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев пен Иран Орталық банкінің төрағасы Уалиулла Сәйф екіжақты сауданы ұйымдастыруға ықпалдасу жөніндегі меморандумға, денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова мен Иран сыртқы істер министрі Мұхаммад Зариф еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

424

мың теңге. Ел аумағында шырша кескендерге салынатын айыппұл

1,321

млрд теңге. Дәрі-дәрмек бағасын өсіргендерге айыппұл салу арқылы бюджетке түскен ақша

200

млн доллар. «Даму» қоры шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін Азия даму банкінен осынша несие алады

ЖАҢА ЖҮЙЕГЕ КӨШЕДІ

Мемлекеттік ақпараттық тапсырысты үлестіру кезінде бұқаралық ақпарат құралдарынан шығармашылық ұсынысы ескеріледі. Бұл туралы кеше ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінің төрайымы Нұргүл Мауберлинова мәлім етті.



Ол осы мәселеге орай өз ойын былай өрбітті. «Қазіргі кезде министрлік тарапынан мемлекеттік ақпараттық тапсырысты жүзеге асыру жолындағы қадам қайта қаралуда. Осыған орай, біз жобалық қаржыландыру үлгісін ұсынып жатырмыз. Бұл модель мемлекеттік

ақпараттық тапсырысты іске асырудың тиімділігін арттырып, ақпараттық өнімнің сапасын жақсартыды, баға демпингі жүйесін жояды». Жаңа кезқарас қоғам өкілдері мен бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан келіп түскен ұсыныс пен ескертулер негізінде дайындалды. Осыған орай, бастапқы

кезенде сарапшылардан құралған комиссия жасакталады. Комиссия мүшелерінің 30 пайызын министрлік өкілдері құрайды. Ал қалғаны -қоғамдастық пен медиа-сала, азаматтық сектор өкілдері. Аталған комиссияның міндетіне тақырып аясын белгілеу, қаржыландыру

көлемін бекіту, сондай-ақ мемлекеттік ақпараттық тапсырыс үшін БАҚ-ты іріктеп, солардың арасында тапсырысты үлестіру енеді. «Комиссияның ұйғарымы ашық, дауыс беру арқылы қабылданады. Барлық шешім жария түрде веб-порталда жарияланады.



Әлеумет.т⁰



РОБОТ-БАЛЫҚ

Қытайдың оқымыстылары робот-балық жасапты. Компьютер немесе кәдімгі қалта телефоны арқылы басқарылады. Құбырдың ішіне жіберсең, қай жерде қоқыс тірелген, қай жері шытынаған, қай жерде су ағып тұр, соның бәрін дәл тауып береді. Бұған қоса, судың сапасын да анықтауға көмектеседі. Бір сөзбен айтқанда, қыс түссе, «құбыр жарылмаса екен» – деп жалбарынып отыратын біздің әкім-қараға да, қайласын арқалап, қай жерді қазарын білмей ары-бері шапқылайтын жұмысшыға да таптырмайтын құрал. Бағасы да имантаразы. 15 мың доллардың ар жақ, бер жағы.

Роботтың түр-түрі жасалып жатқанда мұны неге мысал етіп отырмыз? – деген сауалдың көлденен тұруы кәдік. Жауабы да дайын. Бізде неге жасамасқа? Атақ-данқы дардай оқымыстыдан кенде емеспіз. Қазынадан қаржы алатын зерттеу мекемесі көп. Бірақ таңдай қағып тамсанатын, өндіріске тын түрен салатын ғылыми жаңалық жоқтың қасы. Әрине, көп мәрте пайдалануға болатын зымыран жасап, ғарыш шығынын әлдеқайда азайтқан Илон Масктың ғаламат жобасын күтпейміз біздің ғылымнан. Дейтұрғанмен, төртінші өнеркәсіп төңкерісі басталған қазіргі заманда ақыл-ой еңбегі өндіріспен етене болуы тиіс. Әйтпесе, ғылым да, экономика да өркеніет көшінен қалып қояды. Немесе ілгері кеткендер жетістігін өзгере беріп игілігін көреді. NASA-ға (АҚШ ұлттық ғарыш агенттігі) миллиардтарды үнемдеуге мүмкіндік берген сол Илон Маск жетістігінің кілті ғылыми-фантастикалық кітаптар екенін айтады. Алдағы ондаған, тіпті жүздеген жылдарды болжап білген Айзек Азимовтың шығармаларын жата-жастанып оқуы ғарыш жүйесінде осындай ұлы жаңалық ашуға мүмкіндік беріпті. Мұның да әсері бар шығар кім білсін, әйтеуір, жапондар интернетке жабысқан балаларын жаппай кітап оқуға үгіттеп жатыр. Американдықтар мен корейлер ойлап тапқан смартфон түр-түрін құрастыратын «алып фабрикаға» айналған қытай елінде жастар бүгінде кітапқа бет бұрып келеді. Бұл кітап оқудан қалып бара жатқан, түсінік-түйсігі үстірт дилетанттары көбейген біздің қоғамды ойландыратын, қаперде ұстауы тиіс құбылыс.

Қытайда кешегі «мәдени төңкеріс» кезінде үйдегі қазан-аяқты балқытып, болат өндірісінде оза шабам деген ұраншыл өрекеттен түк шықпағаны көпке мәлім. Өйткені, өндірісі ілгері кеткендер бұл кезде заманауи технологияны пайдаланып жатты. Сол оқу мен тоқудың арқасында американдықтар тактатас (слайс) мұнайын өндіру арқылы ғылымда жаңа төңкеріс жасады. «Қара алтында» бізге бәсекелес» – жоқ деп жүрген талай алпауытты тығырыққа тіреді. Міне, қазір ОПЕК бастап, басқалар костап шығаратын мұнай көлемін кемітуге мәжбүр. Тіпті бюджеті көмірсутегі көзіне байланған Ресейдің өзі күнделікті өндірісті 300 мың баррельге азайтатынын жариялады. «Қара алтын» бағасы қымбатталды. Қара май өндіретін елдердің ақшасы аздап болса да өңсесін тіктеді.

Бірақ мұның тұрақты тренд еместігін бәрі біледі. Сондықтан ендігі жерде ілім-білімдегі жетістігін өндіріске бағыттап, жаңа экономикалық саясат ұстанған ел ғана ұтады. Бізде де көп оқитын дарынды да білімді, ғылым төсіне құлаш ұрған жастар бар. Соларды қолдасак, шын жүйрікті бағаласак, біз де робот-балықтың талайын ұстармыз. Сол күнге жетуге жазсын!



Срайыл СМАЙЫЛ

Заң

БОСТАНДЫҚҚА БЕЙІМДЕЙТІН ЖОБА

Осы аптада Сенаттың жалпы отырысында «Пробация туралы» заң жобасы қабылданды. Құжат пробация институтын одан әрі жетілдіруге бағытталған. 2015 жылы жаңа қылмыстық және қылмыстық-атқару кодекстері қабылданған соң пробациялық бақылауға алынатын адамдардың тізімі кеңейтілген. Атап айтқанда, мерзімінен бұрын шартты түрде босатылғандар, бас бостандығы шектелгендер және сот шешімімен әкімшілік қадағалауға алынған адамдар осы тізімге қосылды.

Қазірі уақытта елімізде пробацияның екі үлгісі бар. Бірі шартты түрде босатылғандар, екіншісі жазасын өтеп шыққандар мен әкімшілік қадағалауға алынған адамдарға қолданылады. Осы ретте, пробация қызметінің жұмысы айтарлықтай көбейген. Бұл қызметте тіркеуде тұрған адамның саны 39 мыңнан 48 мыңға дейін артты. Оларға мамандық алып, жұмыс табуға, ем қабылдауға, сондай-ақ басқа да әлеуметтік-құқықтық көмек алуға қолдау көрсетілген. Бұл жұмыс қайтадан жасалатын қылмыстың азаюына ықпал етті. Өткен жылы пробациялық бақылауға алынған азаматтардың арасында жасалатын қылмыс деңгейі 30 пайызға қысқарыпты. Жаңа заң жобасы пробацияның тағы екі үлгісін енгізуді қарастырады. Бұл – сотқа дейінгі және пенитенциарлық пробация. Сотқа дейінгі пробация кемелеттік жасқа толмағандар, зейнет жасындағы әйелдер, жүкті әйелдер, мүгедектер, зейнет жасындағы ер адамдар, үш жасқа дейінгі баласын жалғыз



асырап отырған ер адамдарға қатысты қолданылатын болады. Ал пенитенциарлық пробация үлгісі пробация қызметі мен қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері әкімшілігінің бірлесуінен және сотталушыны босатуға дайындау мен қайта әлеуметтендірудің жеке бағдарламасын іске асырудан тұрады. Бұл пробация жазасын өтеуіне 1 жыл қалған сотталғандарға қатысты болады.

Сарап

Соңғы жылдары елімізге Орталық Азия елдерінен еңбек мигранттарының легі толастар емес. Соның ішінде заңсыз келетіндер көп. Қазақстанда 2013 жылы еңбек мигранттарына қандай да бір квотасыз жұмыс істеуге рұқсат беру туралы шешім қабылданды. Тек 2 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде ақы төлеуі тиіс. Соның салдарынан ТМД, әсіресе, Орталық Азия елдерінен жұмыс күші қаптады. 2017 жылы ТМД елдерінен мигранттарды еңбек квотасы бойынша тарту көзделіп отыр. Бұл шешімге не түрткі болды? Оның кері әсері бола ма? Бұл сауалдарға жауап беру үшін, ең әуелі осы түйткілдің астарына үңілу керек.

Біріншіден, аймақтағы елдердің экономикалық және саяси даму үлгісі бір-бірінен ерекшелене түсеуде. Бүгінде Орталық Азия одағы туралы бұрынғы жобаларды ешкім ауызға да алмайды. Оның үстіне, аймақ елдері ақпарат жағынан бір-бірінен тұмшаланып алған. Шекараның өзбек-қырғыз, қырғыз-тәжік бөлігінде қақтығыстар орын алуға. Мұның бәрі халықаралық қарым-қатынасты дамытуға, әсіресе, еңбек көші-қоны саласында өзара іс-қимыл жасауға және ынтымақтастық орнатуға кері әсерін тигізеді.

КӨШІ-ҚОН: ЖАҢА ТЕНДЕНЦИЯ



Екіншіден, Орталық Азиядағы еңбек көші-қонын Ресейдегі, сондай-ақ әлемдегі ахуалдан бөліп қарастыру мүмкін емес. Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстанның еңбек мигранттары үшін ең басты реципиент Ресей болып қала береді. Дегенмен экономикалық жағдайы нашарлап, рубль құнсызданып, шетелдік жұмыс күшін тарту саясаты қатандыған сайын бұл елдің де тартымдылығы кемігенін айта кеткен жөн. Тиісінше, Ресейге Орталық Азия елдерінен еңбек мигранттарының ағымы азайды. Айталық, 2016 жылы қаңтарда Ресейге Өзбекстаннан келген мигранттар саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 15 пайызға азайды. Сәйкесінше, АҚШ долларымен ақшалай аударым 36,5 пайызға кеміді. Осы орайда елімізге келетін мигранттар саны дәл сондай көп болмаса да, ұлғаятынын тұспалдауға болады.

Қазақстанға келсек, ол — Орталық Азия аумағында еңбек мигранттары үшін ең тартымды ел. Мұнда миграция деңгейі жоғары болып қала береді.

Бізде еңбек миграциясының екі ағымы бар. Олар бір-бірінен қатты ерекшеленеді. Әңгіме алыс және жақын шетелден (негізінен Орталық Азия елдерінен) келетін еңбек мигранттары жайында.

Алыс шетелден мигранттар (негізінен Қытай мен Түркиядан) ірі компаниялардың жұмысқа тарту квотасы бойынша құрылысқа, мұнай-газ және тау-кен кеніштеріне келеді. Бұлардың саны салыстырмалы түрде нақты саналады.

Ал жақын шетелден (негізінен Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан) мигранттар ағымы көбіне стихиялық түрде. Гастарбайтерлер кейде жалғыз-жарым, кейде 3-5 адамнан шағын топ болып келеді. Олар көбіне үй шаруашылығына, үй немесе пәтер жөндеу жұмыстарына тартылады. Бұл топтағы келімсектер санын толық көлемде есепке алу мүмкін емес.

Орталық Азия елдерінен келетін еңбек мигранттары ішінде өзбектер басым — 65-

70%. 12-15% Қырғызстан, 3-5% Тәжікстанның үлесінде. Бұл көрсеткіш жанама деректерге сүйеніп, атап айтқанда, Ішкі істер департаментінің жылына 1-2 рет өткізетін «Мигрант» және «Құқық тәртібі» сияқты жедел-алдын алу шаралары нәтижесінде әзірленді.

Ел экономикасының шетелдік жұмыс күшіне мұқтаждығы жыл сайынғы квоталық жүйе бойынша белгіленеді. Бұл квота соңғы он жылдан бері (2004-2015 жж.) Қазақстанның экономикалық белсенді тұрғындарына шаққанда орта есеппен 1 пайызды құрайды. Айта кету керек, квота алыс шетелден тартылатын еңбек миграциясына ғана қатысты. Мұндай еңбек мигранттарының саны 60-70 мың адам шамасында.

Сараптамалық бағалау бойынша, заңсыз (немесе құжатталмаған) еңбек миграциясының көлемі заңды, құжатталған миграциядан әлдеқайда асып түседі. Әлбетте, бұл алаңдаушылық туғызады. Айталық, 2014 жылы елімізде ресми түрде 25 мың шетел жұмысшысы еңбек етті. Ал сарапшылардың есебінше, 2015 жылы еңбек мигранттарының саны шамамен бір миллионға жетті.

2013 жылы қабылданған шешім негізінен Орталық Азия елдерінен Қазақстанға жөнкілетін заңсыз жұмыс күшін азайтуға бағытталған. 2013 жылғы миграциялық заңнамадағы өзгерістерге сай, 2 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде ақы төлесе, жұмыс істеуге рұқсат берілді. ТМД азаматтарының заңды түрде еңбектенуіне берілген мүмкіндік Қазақстандағы осы елдерден

келетін еңбек ресурсын күрт арттырды. Мәселен, 2015 жылы 141 мың рұқсат берілді. Бұл 2014 жылмен салыстырғанда екі есе көп.

Дегенмен 2017 жылдан бастап ТМД елдерінен, сондай-ақ алыс шетелден мигранттарды квота бойынша тарту мүмкіндігі талқылануда.

Бұл негізінен ТМД елдерінен келген келімсектердің сыртқа қомақты қаржы әкетіп, ешқандай салық төлемейуімен байланысты. Сарапшылардың есебінше, жыл сайын елімізден 5-7 млрд доллар еш салық төлемінсіз шетке жөнелтіледі. Бұдан басқа, миграциялық заңнамаға өзгеріс енгізудің тағы бір себебі — экономиканың құлдырауы жағдайында еңбек нарығын қорғау екені сөзсіз.

Биліктің логикасына сәйкес, еңбек көші-қон саласында заңды қатайту Қазақстанға Орталық Азия елдерінен келетін еңбек мигранттарының санын азайтуы тиіс. Ал келімсектерге салық төлеттіру отандық нарықты қорғауға мүмкіндік береді.

Әйтсе де, миграциялық заңнаманы қатайту осы саладағы түйінді толығымен шеше алмайтыны анық. Керісінше, еңбек жағдайының жеңілдеуіне байланысты өз қызметін тіркеп алған мигранттар қайтадан «көлеңкеге» ойысуы мүмкін. Сонымен бірге Қазақстанның ТМД елдерінің барлығымен шекарасы тұмшаулы емес екенін де ескеру керек.

Оның үстіне Қазақстанға қандай жұмысшылардың келіп, қандай жұмыс табатынын есепке алғанда, қолданыстағы квота нақты қажеттілікке сай келмейді. Заңсыз еңбек мигранттарының легін азайту үшін олардың заңды түрде жұмыс істеуіне анағұрлым онтайлы жағдай жасаған дұрыс сияқты. Бұл көші-қон саласындағы сыбайлас жемқорлықты азайтуға септігін тигізер еді.

Айман ЖҮСПОВА,
ғаламдық экономика және саясат институтының сарапшысы

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Таңба

Астанада Премьер-Министрінің орынбасары Иманғали Тасмағамбетовтің төрағалығымен еліміздің Ұлттық брендін анықтау бойынша байқаудың сарапшылық кеңесінің отырысы өтті.

Еліміздің халықаралық аренадағы оң келбетін қалыптастыру және танымалдығын арттыру, шетелдік инвестиция тарту мақсатында ұйымдастырылған бұл байқау 31 тамызда басталды. Осы уақытқа дейін ұйымдастыру комитетіне 1000-нан аса жоба келіп түсті. Қазіргі уақытта байқаудың I кезеңі — интернет қолданушыларының дауыс беруі аяқталды. Оның аясында қазақстандықтар өздеріне ұнаған жобаға дауыс берді. Екінші кезең — интернет дауыс беру нәтижесінде іріктелген үздік жобалар Сарапшылық кеңесте таныстырылды. Атап айтқанда, Сарапшылық кеңестің қарауына дауыс беру нәтижесінде ең көп дауыс жинаған 40 жұмыс ұсынылды. Сарапшылар бұлардың ішінен үздік 10 жобаны таңдап алады. Байқау ережесіне сәйкес Ұлттық брендтің — ресми логотипі мен ұраны қалың көпшілікке таныстырылады.

ҚОҒАМ



3

ҰЛТТЫҚ БРЕНД АНЫҚТАЛАДЫ

Отырысқа қатысқан вице-премьер Иманғали Тасмағамбетовтің айтуынша, соңғы жылдары әлемде



визуалды графика кеңінен қолданылуда. Ол «Адамның 80 пайызы ақпаратты көру арқылы алады. Кәсіби маркетингтер бұрыннан бері өз жұмыстарын осы қағиданың негізінде жүргізіп келеді. Сондықтан, бүгінгі таңда мәліметті тез ұғыну үшін инфографика, фото-видео бар материалдарға басымдық берілуі кездейсоқ емес», — деп атап өтті. Сарапшылық кеңестің шешімімен келесі отырыс тура бір айдан кейін өткізіледі. Онда ұсынылған шешуші кезеңге өткен жобалар қаралады.

Нұрлан НОҒАЕВ, Атырау облысының әкімі:



Сөз-жебе

«Егер шағынаудандардағы үйлердің жағдайына қарасаң, қарның ашады. Үйлердің арасында бір бос орын жоқ. Балаларға ойын алаңы салынбаған. Құрылыс қалай болса, солай орналасқан. Бір жапырақ бос жер тауып, 7-8 үйді салып қою қағидатымен жұмыс істеуді қою керек. Қазір балалардың ойнайтын жері жоқ! Спорт алаңдары жоқтың қасы. Балаларға спортпен айналысуға жағдай жасандар. Қазір балалар не компьютер алдында отырады, не көшеге шығады. Күш-қуатын спортқа жібере алмаған соң, келеңсіз жағдайларға ұрынып жатады. Атырау — Қазақстанның мұнайлы астанасы дейміз. Орталық алаңнан сәл шықсаң, жұмыстар жүргізілмей жатқанын бірден байқайсың. Автотұрақтың жоқтығы азаматтарға да, жергілікті полиция қызметкерлеріне де қолайсыздық тудыруда. Адамдар көлігін қалай болса солай қоюға мәжбүр»

Апат

Осы аптада Талдықорғаннан шашамен 25 шықырым жерде Су-27 әскери ұшағы оқу жаттығу кезінде апатқа ұшырады. Сенат депутаты, бұрынғы қорғаныс министрі Мұхтар Алтынбаевтың айтуынша, ұшақтың құлауына жанармайды дайындаудағы олқылықтар себеп болуы мүмкін.

Мұхтар АЛТЫНБАЕВ:

ЖАНАРМАЙ СЕБЕП БОЛУЫ МҮМКІН



Бұрынғы Қорғаныс министрі ұшқыштың дайындығы жақсы екенін атап өтті. Себебі екі қозғалтқыш тоқтаса да, саспай, ұшақты елді мекеннен алып кеткен. Басқарылмай қалғаннан кейін, ұшақты тастап, секірген. Аталған күрделі жағдайда нұсқаулық бойынша дұрыс іс-қимыл жасаған. Сенатордың айтуынша, әуе апатына жанармай жүйесі немесе жанармайды дайындаудағы олқылықтар себеп болуы мүмкін. Өйткені қыста жанармайды дайындаудың өз ерекшеліктері бар. Ол «Осы жұмыс бәрі жасалды ма, жоқ па - осының бәрін тексеру керек. Ұшақтарды да, жанармайды да тексеру қажет», — деп отыр. Су-27 — алдыңғы қатарлы ұшақтардың бірі. Сондықтан бағасы да арзан емес.



Бүгінде елімізде осындай 30-дан астам ұшақ бар. Әуе апатына байланысты барлық әскери ұшақтар уақытша тоқтатылып, тексеріс жүргізіледі. Оқиғаның себебі мен мән-жайын қорғаныс министрі тағайындаған комиссия анықтап жатыр. Ал санаулы секундтарда дұрыс шешім қабылдап аман қалған ұшқыш, майор Әділбек Ысқаков «Қазақпаратқа» берген сұхбатында «Ең бастысы, ұшақты қаланың үстінен және жақын орналасқан ауыл аймақтардан аман алып шықтым. Өзім қарғып түсу әдісін қолдандым. Соның арқасында аман қалдым. Ұшақ ең бастысы, құлағанда ешкімге зиян тигізген жоқ. Денеме ешқандай зақым келмеді. Елім үшін еңбек ете беремін», — деді.

Бәрекемді



Шымкентте жаңа жылдың басты нышанын орнату мен шаһарды безендіруге бөлінетін қаржы әлеуметтік жағдайы төмен отбасыдан шыққан және жетім балаларға үлестірілді.

804 БАЛАНЫҢ ҚУАНЫШЫ

Биыл жергілікті билік 804 балаға қаржылай сыйлық жасады. Шымкент қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, әр балаға 42 мың теңгеден аударылды. Бөлінген ақшаның жалпы сомасы 34 млн теңгені құрайды. Ал Әл Фараби алаңына өткен жылдан қалған биіктігі 18 метрді құрайтын шырша орнатылды. Қаланы безендіруге жергілікті кәсіпкерлер демеушілік жасаған. Еске салсақ, былтыр Шымкентте қаланы жаңа жылдық безендіруге 80 млн теңге қаралып, кейіннен ол қаржы әлеуметтік жағдайы төмен және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға қыстық киім алуы үшін аударылды.



«Қомақты қаражатты жымқырды» деп айыпталған кәсіпкер Сауд Арабиясынан елімізге қайтарылды. Бас прокуратураның баспасөз қызметі хабарлағандай, бұл қазақстандық тараптың Сауд Арабиясындағы әріптестермен уағдаластықтың арқасында қол жеткізді.

ҚАРЖЫ ҰРЛАП ҚАШЫП ЕДІ...

Мұхит Омар 200 млн теңгеге жуық сомада бюджет қаражатын ұрлап мемлекетке және жеке кәсіпкерге 150 млн теңге, сондай-ақ «Нұрбанкке» 240 млн теңге сомасында материалдық залал келтірді деген айып тағылып отыр. Қазір ол Астанадағы тергеу изоляторына қамалды.

Серпін

«ШалкияЦинк ЛТД» компаниясының төрағасы Болат Рамазановтың айтуынша, кен орны мырыш қоры жөнінен әлемдегі үздік ондыққа кіреді. Сондай-ақ кен орнында қорғасын да бар. Бұл екі металл бүкіл әлемде жоғары сұранысқа ие.

«Полиметалл кен орындарын өнеркәсіптік игеру» жобасы аясында 2018 жылы «Шалкия» кен орнында кен байыту фабрикасы салынады. Өндірістік қуаты 2018 жылы 500 мың тонна, 2019 жылы 2 млн тонна, ал 2021 жылға қарай тау-кен және өңдеу көлемі 4 млн тоннаға дейін ұлғаяды.

Сыр өңірінде «Шалқия» кен орнын дамыту жобасы жанданады. Алдағы жылы мұнда тау-кен өңдеу зауыты салынады. Бұл 2014 жылдан бастап кәсіпорынның акционері болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының перспективалы жобасының бірі. Полиметалға бай кен орны Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында орналасқан.

сай техникалық жобалау «НATCH» компаниясымен әзірленді. Ал тау-кен жұмыстары өздігінен жүретін шведтік «Atlas Corсо» компаниясының техникасымен

ЖАҢА ЖОБА – ЖАҢА МҮМКІНДІК



Жөндеу және қалпынға келтіру жұмыстары қазірдің өзінде жүзеге асуда. Қалпына келтіру жұмыстары басталғанға дейін шахта жартылай су астында қалған болатын (*220 метр–120 метр су астында болған*). Сондықтан алғашқы кадам суды айдауға жасалды. Су астында қалған металдарды тот басқандықтан, екінші кезеңде құрылғылар ауыстырылды. Содан кейін техника қалпына келтіріліп, жол жөндеуден өтті.

Шахтаның тарихы 1950 жылдан басталады. «Шалқия» кен орны 1959 жылы ашылды. Ал кен орнын игеру 1982 жылдан басталады. 1994 жылы күрделі экономикалық жағдайға байланысты шахта жабылған болатын.

2001 жылы «Шалқия» кен орнын «ШалқияЦинк ЛТД» ЖШС тау-кен

металлургиялық компаниясы сатып алды. Қалпына келтіру жұмыстары жүргізілгеннен кейін, 2004 жылдың ақпан айында компания «Шалқия» кенішінде кен өндіруді бастады.

2007 жылдың соңына қарай кәсіпорын қайта құру мен кеңейтудің есебінен, Шалқия кенішінің өнімділігін жылына 1,5 млн. тонна руда көлеміне дейін арттырды.

«ШалқияЦинк ЛТД» ЖШС өнімділігі жылына 4 млн тонна кенді құрайтын жаңа байыту фабрикасын базалық жобалау үшін «Outotec» кәсіпорнын (Финляндия) тартты. «Outotec» компаниясы 2006 жылы қажетті металлургиялық сынақтарды жүргізіп, 2007 жылдың екінші жартысында базалық жобалау жөніндегі жұмыстарды аяқтады.

2008 жылы өндіру доғарылып, кеніш тоқтатылды. 2014 жылдың 25 маусымында «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ акцияларын иемдену — «Самұрық-Қазына» АҚ-на өтті



Енді «Шалқия» қайта түледі. Оның табысты жоба болатынына ешкім күмән келтірмейді. «Шалқия» кеніші бас инженерінің міндетін атқарушы Талғат Оразғалиевтің айтуынша, халықаралық стандарттарға

және финдік «Sandvik» компаниясының құрылғыларымен жүргізіледі. Бүгінгі күнге дейін шахта жөнделіп, руда өндіруге дайындық шаралары жүргізілді. Алдағы уақытта жылына 4 млн тонна өнім өндірсек, кеніштегі руданың қоры 34 жылға жетеді екен. Дәл қазір кен орнына қатысты жоба дайындалып, мемлекеттік сараптамадан өтуде. Бүгінде кен орнында 450 адам тер төгуде. Бірінші кезекте жұмысшылардың қауіпсіздігіне ерекше мән беріледі. Олардың дұрыс ауқаттанып, демалуларына да барлық жағдай жасалған. Ал «ШалқияЦинк ЛТД» басқарма аппаратының жетекшісі Асылтас Бимендинаның айтуынша, компанияның үздік қызметкерлері жоспар мен жобаны іске асыру үшін аянбай еңбек етуде. Қазіргі

таңда мұнда 500 адам қызмет етеді. Оның 80 пайызы жергілікті тұрғындар. Болашақта тау-кен өңдеу зауыты толық іске қосылғанда қосымша 1000 адамға жұмыс орны ашылады. Компания қызметкерлері үшін бар жағдай жасалған. Жатақхана, спорт кешені, барлық қажетті инфрақұрылым бар.


Қайта өңдеу зауыты толық іске қосылғаннан кейін 120 тонна цинк, 25 мың тонна қорғасын өндірілетін болады. Еліміздегі қорғасын қорының 30%-ы осы жерде жатыр. Жер асты шахтасындағы тіршіліктің қайта түлеуі жана бастамаларға да жол ашты. «Шалқия» кен орнының жұмысшысы Қалдан Ерناзаров «Бұрын осында жұмыс істеген жігіттердің барлығы қайтып келіп, осы жұмысқа орналасып жатыр қазір. Айлық уақытты, жатақхана беріліп жатыр, спорт кешендері соғылып жатыр, бассейн бар».

Кен орнын игеру және өңдеу зауытының құрылысы еліміз үшін маңызы зор жоба. Өнімдер елімізде, сондай-ақ алыс-жақын шетелдерге сатылатын болады.

Айдос ҚҰСАЙЫН, Қызылорда

Игі бастама

Атырау облысындағы ірі инновациялық жобаның бірі – полимерлік үлдір өндірісімен айналысатын «Полимер Продакшн» ЖШС. Кәсіпорын Орталық Азия мен еліміздегі пластикалық қаптама өндірісі бойынша ауқымды кәсіпорынға айналды. Бұл кәсіпорын «Үдемелі индустриалды-инновациялық даму» бағдарламасы аясында жолға қойылды. Жобаны «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры қаржыландырып отыр.



Кәсіпорын азық-түлік өнімдері, киім-кешек, гүлдер, сыйлықтар, парфюмерия сынды түрлі заттардың қабын шығарады. Сәйкесінше полимерлік қаптамаға сұраныс та жоғары. Себебі көптеген елдерде пластик қаптарды пайдалануға тыйым салынды. Сөйтіп, полимерлік өнімнің шығарылымына жол ашылды. Полимерлік қаптамалар экологиялық таза болып келеді. Сол себепті жер астында жылдар бойы жатпай, өздігінен ыдырап кетеді. Ал бізге полимерлік қаптамалар Түркия, Қытай, Ресей және Ираннан жеткізілетін. Сондықтан «Полимер Продакшн» еліміздегі аталған өнімді шығаратын тұңғыш зауыт деуге болады.

Быттыр іске қосылған бұл кәсіпорында қазір 200-ден астам адам жұмыс істейді. Ал 2017 жылы зауыт өзінің толық жобалық қуаттылығына шыққан соң олардың саны 400-ге жуықтамақ.

салыстырғанда беріктігі жоғары. Тігу құрылымының ерекшелігіне қарай жылына 48 млн дана полипропилен кап шығарылуа. Мұндай қаптардың артықшылығы, заттарды тасымалдау және сақтау кезінде жыртылып немесе бүлініп кетпейді. Сонымен қатар компания қазір екі түрлі үш қабатты полиэтилен пленкасын (*жылына 4 000 тоннадан астам*) шығаратын



жұмысшылардың өндіріс жұмысы қызметкерлердің денсаулығына кері әсер етпейді. «Полимер Продакшн» полиэтиленді пленкалар мен полипропилен қаптарын шығару арқылы индустриаландыру картасына енгізілген жобаның өндірісін толықтай іске қосты, сөйтіп, тағы да жүздеген жұмыс орны ашылуына жол ашты. Қазіргі таңда полипропилен шығаруға арналған газ-химия кешенінің құрылысы басталды.

2016 жылғы 3 қыркүйекте, Мемлекет басшысының Қытай Халық Республикасына сапары аясында, Шанхайда «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» (KPI) мен Қытай мемлекеттік даму банкі (КМДБ) Атырау облысында алғашқы біріктірілген газ-химиялық кешен салу туралы келісімге қол қойған болатын.

КРІ қуаты жылына 500 мың тонна болатын пропилен өндіру жобасының операторы болып табылады. Жоба Теңіз кен орнындағы шикізатты

САПАЛЫ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Зауытта өнімнің 3 түрі шығарылады. Ол полипропилен пленка, шамамен 11 мың тонна, полипропилен қаптар 48 млн данаға дейін және полиэтилен пленка 4 125 мың тоннаға дейін. Өнім үшін негізгі шикізат полипропилен және полиэтилен шетелден жеткізіледі.

Бұл зауыттың тағы бір ерекшелігі, барлық тауарды қайта өңдеп шығара алады. Енді бір жағымды жаңалық кәсіпорын іске қосылғалы бері, полипропилен және полиэтилен өнімдерін шетелден тасымалдау анағұрлым азайды.

Кәсіпорынның бас директоры Асқар Құрманов «Біздің кәсіпорын еліміз бойынша полипропилен өнімін шығарудағы алғашқылардың бірі. Жаңа өнімді шығару австриялық технологиямен жүзеге асырылуда. Зауыттың алға қойған басты мақсаты — еліміздің осы саладағы қажеттілігін толығымен қамтамасыз ету. Сондай-ақ Орталық Азия елдерінің нарығына шығу. «Біріккен химия компания» зауытында 30-дан астам өнім түрі шығарылмақ, соның 60 пайызы шетелге экспортталады. Елімізде затты буып-түйетін саланы жаңа сапалы деңгейге шығару — осы жобаның басты міндетінің бірі.



Одан бөлек ішкі нарықпен қатар Келендік одақ және Орталық Азия елдеріне тауарды экспорттауды көздеп отырмыз», — дейді.

«Полимер Продакшн» кәсіпорны ел нарығындағы импортталған сапасыз және улы өнімді жоюды да көздейді. Полипропилен қаптардың басқа қаптармен

желіні пайдалануда. Мұндай пленка жай пленкаға қарағанда 3-4 есе артық мерзімге жарамды. Сол себепті оларды көбіне ауыл шаруашылығындағы жылжыай

дендеп қайта өңдеуге және өнеркәсіп пен халықтық өндіріс үшін базалық өнім жасауға бағытталған, сондай-ақ жоба «Ұлттық индустриялық мұнай-



құрылысы кезінде пайдалануға болады. Полипропиленді және полиэтиленді қапшықтар, негізінен, құрылыс материалдарын, жылыжайларды, сүт өнімдерін орау және топтамалық орамалар үшін қолданылады. Кәсіпорын бас директорының орынбасары Иван Корниенко «Біздің өнімдер бәсекеге қабілеттілігі жоғары. Өйткені біз соңғы жыл ішінде біз еліміздегі ірі тұтынушылармен кездесіп,

химия технопаркi» арнайы экономикалық аймағында іске асырылады. Жоба құны - 2,6 млрд АҚШ доллары, құрылыс 2020 жылы аяқталады деп жоспарлануда.

Жоба еліміздің 2015-2019 жылдардағы Индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасына енгізілген, химия саласын дамытудағы стратегиялық маңызды құрылыс болып табылады. Осы жобаның арқасында, газ-химиялық кешенді іске қосқан уақытта 550-ге жуық жұмыс орны ашылады және оның 90%-ы жергілікті кадрлар болады. Жобаның жүзеге асуына «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қоры мұрындық болып отыр. Мұндай өндіріс Қазақстанда бұрын болған емес, себебі бұған дейін полипропилен қабықшасына деген сұранысты шетелдік импортты өнімдер қанағаттандырып келген болатын. Атырауда мұнай-химия кешені аясында газды қайта өңдеу арқылы полиэтилен және полипропилен түйіршіктерін өндіруді жоспарлауда. Осылайша, мекеме отандық шикізатты пайдалану арқылы, импорттық шикізатқа тосқауыл қоймақ. Кәсіпорын мақсаты — халыққа жоғары сапалы, технологиялық таза және адам денсаулығына қауіпсіз өнім беру.

Макпал НОҒАЙБАЕВА, Атырау

Өнеге

Өткен жылы елімізде ағылшын композиторы Карл Дженкинстің шығармалары негізінде жазылған «Абай – Шәкәрім» концерттері ыстық ықыласпен өтті. Жүрек толқытар осынау ғажайып концерттерді қоюға мұрындық болған іскер-құрылысшы әрі мұнайшы Медғат Құлжанов еді. Бұл жоба жұртшылық назарына былтыр ұсынылғанымен оның тарихы тереңде екен. «Абай – Шәкәрім» ораториясы Құлжановтың тапсырысы бойынша бұдан бірнеше жыл бұрын жазылыпты. Әбден пісіп-жетілгеннен кейін ғана әлемдік сахналарға шыққан.

2010 жылдың 31 қазанында Ұлыбританияның RoyalFestivalHall деп аталатын үздік залында Карл Дженкинстің жетекшілігімен Ұлыбританияның Ұлттық жастар хоры және Қазақстанның фольклорлық музыканттарының сүйемелдеуімен «Шәкәрім» сюитасының әлемдік премьерасы қойылды. Мұндайды көрген де арманда, көрмеген де арманда. 3000 мың адамдық зал лыка толы, айрықша

МЕЦЕНАТТЫҚ – ҚАНМЕН БЕРІЛЕТІН ҚАСИЕТ

құрмет-қошемет, заманымыздың көрнекті композиторының ғажап әрлеуінің арқасында туған төл музыканың тылсым ырғағы... Бәрі-бәрі ерекше көңіл-күйді көтереді. Ен кереметі — Медғат Кәрімұлына ағылшын хоры жүрек толкытып, қазақша ән шырқады. Бұл көкейде жүрген көп жылғы арман еді. Оның әкесі Мұхамедкәрім Исағалиұлы кеңес заманында Шәкәрім әнін құпия тындайтын. Құлақта қалған сол бір үн... осындай жоба жасау жоспарын ұзақ жыл өзімен бірге алып жүрді. Шәкәрім шығармашылығына ол бала жастан ынтықты. 2008 жылы алғаш рет кеменгер акынның 3-томдығын қаржыландырды, сондай-ақ қазақ ағартушысының шығармашылығына арналған монография мен зерттеулерді шығаруға және таратуға қол ұшын беріп, қолдау көрсетті. Осыдан кейін ол Шәкәрім шығармаларының негізінде Карл Дженкинске сюита жазуға ұсыныс жасады. Ағылшын композиторы көп ұзамай келісімін берді.

Бір айта кетерлігі, Медғат Кәрімұлы бұған дейін мәдениет шараларына тікелей араласқан емес. Ол политехникалық институттың инженер-құрылыс факультетін тәмамдаған. Оқуын бітірген алғашқы жылдары Алматы, Екібастұз, Қапшағай құрылыстарында мамандығы бойынша жұмыс істеген. Аспирантураны аяқтаған соң біршама уақыт құрылыс материалдары саласында ғылыммен айналысты. Өзінің патентті, жазған мақалалары болды, сөйте тұра қайтадан құрылысқа оралды. ...1988 жылы Горбачев нарық экономикасының жаңа бағыты — кооперативті қозғалыс ұйымдастыру туралы жарлыққа қол қойған кезде бұл оқиға Медғат Құлжановтың өміріне өзгеріс әкелді. Мұндай шешімге келуге батылдық қайдан, қалай пайда болғаны Құлжановтың өзіне әлі күнге дейін таңсық. Ол жарлық туралы есті салысымен өзінің кооперативін ашу жөнінде өтініш жазды. Сөйтіп, Медғат Кәрімұлы монолит үйлер салуға ден қойды әрі қолға алған бұл шаруасы кіріс кіргізе бастады. Бәріміздің көз алдымызда, қайта құру жылдары және одан кейін де халық табыстың жаңа көздерін іздей бастады. Әлем өзгеріске ұмтылды. Көпшілік қауым саудаға бет бұрды. Медғат Кәрімұлын мұндай қызықсыз, «алып-сатар» соқпағы қызықтырмады. Ол өзінің бала жастан армандаған кәсіпкерлікке қол жеткізуді көздеді. «Ақшаны ұзақмерзімді басымдыққа салу қажеттілігін мен сол кезде-ақ білгенмін. Сол заманда мұнай-газ саласы осы талапқа жауап беретін еді. Мен бұл іске кірісе бастадым, өзімше түрлі жол қарастырдым. Шынында да, сол жылдары қалай жұмыс істеу керектігін ешкім білмеді. Ел-жұрт бәрін бірінші рет жасап көрді, әркім таңдыр-талайына жазылған жолмен жүре бастады. Оның ішінде мен де бар едім. Өзім инвесторлар іздей бастадым, тіпті бұл үшін шетелге дейін шыққанмын. Германияға салалық көрмеге барғаным есімде, серіктестерді сол жақтан іздедім. Сол кездің өзінде-ақ мен батыс іскерлерін біздің мұнай қызықтыратынына көзімді жеткіздім. Шынын айтқанда, бұл мен күтпеген жағдай еді. Өрине, олардың мүдделілік танытқаны маған күш берді», — деп еске алады осы күні Медғат Кәрімұлы. Бұл дұрыс тандау екенін уақыт көрсетті. Ұзақ жылғы ерен еңбек, маңдайдан аққан тер, инвесторлар мен мемлекет арасындағы мүдделілік өз жемісін жегізді. «ҚуатАмлонМұнай» компаниясының

ортақ қожайыны Медғат Құлжанов жағдайын жасады. Үлкен бизнес озық идея арқасында құрылатынын ол өзіне де, өзеге де дәлелдеді. Сөйтіп, шамамен 65 жасқа келгенде істен алшақтады. 24 желтоқсанда Медғат Кәрімұлы 70 жасқа толады. Өмірінің 10 жылын ол мәдени жобаларды қолдауға арнады. «Шәкәрімнен» кейін меценат табысты жобаны одан әрі жалғастырып, Дженкинске екінші сюита жазуға ұсыныс білдірді. Бұл жолы ол дана Абай шығармаларын ұсынды. Бұған дейін Құлжановтың бастамасымен ұлы Абай шығармашылығына арналған басқа бірнеше іс-шаралар өткізілген-ді. Атап айтқанда, 2005 жылы Абайдың 160 жылдығына орай Астанда кеменгер ойшылдың үздік, тың зерттеу жұмысына байқау ұйымдастырды.

Қазақстанның халық жазушысы Мұхтар Мағауиннің айтуына қарағанда, Медғат Құлжанов данағой Абаймен аталас екен. Ұлы акынның бабасы әрі батыр, әрі би Ырғызбайдың үш ағасы болған. Солардың кішісі Топай Медғат Құлжановтың арғы атасы. Айдос-Ырғызбай атасы (руы) қазақ тарихында Абай, Шәкәрім атымен аса танымал. Атақты Өскенбай, Құнанбай аталары да дала билеушісі ретінде танылған ерекше тұлғалар. Құнанбай қажы, Абай, Шәкәрім және олардың кіші аталары жалпақ жұртқа кеңінен мәлім адамдар. Жазушы Мағауиннің пайымынша, меценаттық та қанмен келетін қасиет. «Оны асқан дегдарлығы, парасат-пайымы, еуропалық мәдениеті, қазаки мінезі, қарапайымдылығы және адамгершілігі даралап тұрады», — дейді демеуші туралы онымен жақын араласқан жазушы.

Қарапайым, сөзуарлығы жоқ және қандай мәселе болса да дауласуға бармайтын қасиетін Медғат Құлжановпен араласқан адамдардың бәрі айтады. «Қазақфильм» киностудиясының президенті Бакыт Қайырбеков бізге бір қызық оқиға туралы

ала сезді... XX ғасыр төңкеріс алып келді, 30-жылдардағы ашаршылық, Ұлы Отан соғысы, одан кейінгі әлеуметтік сынақтар, коллективтендіру жылдары, халықтың үштен бірі сол кезде аты жаман, үрейлі аурудан көз жұмды. Абай өзін және өз халқын өзгерту үшін, жақсылыққа жеткізу жолында бар жанын салғанын есте ұстау өте маңызды. Және осының өзі түсінген адамға баға жетпес меценаттық емес пе? Меценат тек апатты жағдайда ғана алдыннан шықпайды, ол ғаламшарды, жерді, сенімді, қорғау үшін жанын салады. Сондықтан мен меценаттарға үлкен құрметпен қараймын, оның ішінде Медғатқа, ұлы Шыңғысқа да құрметім ерекше».

Медғат Кәрімұлының баласы Шыңғыс туралы бір-екі ауыз сөз айтар болсақ, ол да әкесі сияқты мәдени жобаларды қаржыландырады, демеушілікті қолдайды. 2016 жылдың 6 тамызында қазақстандық режиссер Катя Суворованың Арал трагедиясына арналған «Ертең теңіз» деген толықметражды еңбегінің премьерасы болып өтті. Бұған дейін бұл фильм Локарнода өткен халықаралық фестивалдің «Сыншылар аптасы» арнайы бағдарламасына енген еді. Осы жобаны Шыңғыс Құлжанов қаржыландырды. Осыдан бірнеше жыл бұрын Шыңғыс Валерий Михайловтың қазақ тарихының жабық, традегиялық тақырыбын қамтитын «Ұлы жұт хроникасы» кітабының орыс тіліндегі нұсқасын (Ресейде), қазақшасын (Қазақстанда), ағылшынша (Ұлыбританияда) нұсқасын шығаруға қаржылай қолдау білдірді.

Бүгіндері Медғат Кәрімұлы белсенді бизнесмен емес, 2009 жылы ол мұнай компаниясын сатты. Қазір ол уақытының маңызды бөлігін Ұлыбританияда өткізеді, бірақ Қазақстанға үнемі келіп тұрады. Бәрінен де оған әлемді шарлау ұнайтынын мойындайды: «Арманым — бүкіл әлемді



«Қазпошта» АҚ Қызылорда филиалының директоры Әнуарбек Әбдімомунов, алдағы уақытта ашылатын сәлемдемелер супермаркетінде клиенттер сәлемдемелерін бұрынғыдан әлдеқайда тез қабылдау алатындығын хабарлады. Барлық пошта байланыс бөлімшелері бірыңғай электрондық кезек жүйесімен, бейнебақылау және өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар аталған байланыс бөлімшелері тәулік бойы қызмет (*«POST24» өзіне-өзі қызмет ету аумағы*) ететін болады. Игілікті бастама «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының «Трансформация» бағдарламасына аясында жүргізілген жұмыстың алғашқы парасы. Бүгінгі күннің өзінде «Қазпошта» қызметін әртараптандыру негізінде түрлі қызмет пен заманауи үлгідегі техникалармен жабдықталды. «Қазпочта» АҚ баспасөз қызметінің жетекшісі Байрам Азизов «Өзінің тиімділігімен ерекшеленген сәлемдеме супермаркеттері бірнеше қалаларда ашылады. Бұл өз алдына қызмет көрсетуді жеңілдетеді. Сондай-ақ «Қазпошта» өз тұтынушыларының сапалы әрі жылдам қызмет алуына барынша тиімді әдістерді қолданып, қызмет түрлерін арттыратын болады» — дейді. Бөлімшені бірнеше зоналарға бөлу, клиенттердің уақытын үнемдеумен қатар, операторлардың кәсіпқойлығын көтере алады. Себебі бұрын барлық пошталық және қаржылық қызметтерді бір мезгілде көрсететін оператор, енді бір бағытта қызмет көрсетіп, біліктілігін анағұрлым тез көтере алады. Сондай-ақ жаңартылған бөлімдерде валюта қабылдау және аудармаларды жүргізу қасалары бар. Осылайша, жаңа бастамаларымен «Қазпошта» бөлімі тұтынушылар игілігі үшін қызмет атқармақ.

Осындай жаңғыртудың жаңа белесі Атырау қаласында да орын алды. Жаңартылған бөлімше, клиенттің уақытын үнемдеу мақсатында қаржылық және пошталық залдарға бөлінген. Сонымен қатар жаңа үлгідегі бөлімшеде сәлемдемелер супермаркеті, өзіне-өзі қызмет ету зонасы және ақша айырбастау пункті іске қосылған. Журналистерді жаңғырту жұмысының барысымен таныстырған «Қазпошта»



АҚ Атырау облыстық филиалының директоры Бауыржан Өтепбаев, мұндай жұмыстардың осы өңірде сәтті басталып, жүйелі жалғасып жатқандығын айтты. Оның сөзіне сенсек, қазірде жөндеу жұмыстары қолға алынған қаланың Абай көшесі, №6 үйінде орналасқан орталық қызмет көрсету бөлімшесінен бөлек, №7, №5 және №3 пошта байланыс бөлімшелеріне де жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. Бұдан басқа облыстағы төрт аудан (*Құрманғазы, Қызыққоға, Жылыой, Исатай*) орталығындағы бөлімшелер де кезегімен жаңғыртылатын болады. Алдағы 2017 жылдың өзінде республика көлемінде 400-ге жуық пошта байланыс бөлімшесі жөндеуден өткізіледі деп күтілуде. Алдағы уақытта атқарылатын жұмыстардың жоспарынан хабардар еткен Бауыржан Сапаргелдіұлы БАҚ өкілдерін «Авангард» 3-ші мөлтекауданында орналасқан қызмет көрсетудің жаңа режіміне көшкен №9 пошта байланысы бөлімшесінің жұмысымен таныстырды. Дәл осы күні пошта байланысы қызметінде пайдаланылатын 8 көлік салтанатты түрде иелеріне табысталды. Арнайы көлік кілтін табыстау рәсіміне қатысқан Атырау қаласы Әкімінің орынбасары Мейірім Қалауи «Бәріңізді ел Тәуелсіздігінің ширек қасырлық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Халыққа қызмет көрсететін компаниялардың арасында сіздер жұртқа ең жақынысыздар. Өйткені, тұрғындармен күнделікті байланыс жасай отырып, олардың талап-тілегін, тапсырысын орындап, келген хат-хабарламалары мен сәлемдемелерін жеткізесіздер. Сол себепті де сіздерге жүктелген міндет жұғы ауқымды, халықтың сенімі мен құрметі зор, жұмыстарыңыздың жауапкершілігі мол, болашақта да қажетті және сұранысқа е қызмет түрі болып қала беретіндігі күмәнсіз. Еңбектеріңізге табыс, игі бастамаларыңызға сәттілік тілеймін», — деді. Жиында әріптестерін құттықтаған «Қазпошта» АҚ Атырау облыстық филиалының басшысы Бауыржан Өтепбаев облыс бойынша осындай 40 бірлік көлік пен техника бөлініп отырғандығын, олардың барлығы да біртіндеп тапсырылатынын мәлімдеді.

Сандуғаш НАУРЫЗБЕКОВА

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



РУХ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Таным

«Қаржы орталығы» АҚ хабарлауынша, жыл соңына дейін білім депозитін ашқандарға үлкен олжа бар. Олар өздерінің мемлекет ұсынған алғашқы сыйлық ақыларын 2017 жылдың соңына таман ала алады. Осылайша, Сіз 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін «Білім беру жинағы» депозитін ашсаңыз, 2018 жылдың қаңтарында сыйақының негізгі мөлшерлемесіне қоса жыл сайынғы мемлекеттік сыйлық ақыны (5 %-7% *мөлшерінде*) қоса алуға үлгересіз. Жалпы бұл бағдарламаның басты мақсаты - халықтың кеңінен білім алуына қолдау көрсетіп, қолжетімділікті арттыру. Бағдарлама әсіресе ел азаматтарының кәсіптік-техникалық, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуына үлкен мүмкіндіктер қарастырады. Ол банктерден білім беру жинақтарын ашу әрі сол салымға банктік сыйақы мен мемлекеттік сыйақыны қоса беру арқылы жүзеге асырылып келеді. Білім саласындағы аталған жана бағытқа Елбасының өзі тікелей бастамашы болғаны есте. 2011 жылғы Жолдауында: «Отандастарымызды мемлекеттен пайыздық бонус ала отырып, балаларын оқытуға қаржы жинаудың жана мүмкіндігі пайда

болуы тиіс», — деп атап өткен болатын. Осыдан кейін білім және ғылым министрлігі мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесін дайындап шықты. Халықаралық тәжірибе зерделенді, шетелдердегі сарапшылар пікірі сараланды. Нәтижесінде 2013 жылдың қаңтар айында «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Заң қабылданды. Сол уақыттан бері бірқатар маңызды мәселе өз шешімін тапты. «Қаржы орталығы» отандастарымызға жүйенің жан-жақты мүмкіндігін түсіндіру жұмысын да еш уақытта назардан тыс қалдырмады. Жүйеге қатысушы банктер санын кеңейту бағытында да белсенді қызметтер атқарылып жатыр. Ал аз уақытта салымшының саны өсіп отырғаны бұл жүйенің тиімділігін көрсетсе керек. Мәселен, 2016 жылдың 1 желтоқсанындағы мәлімет бойынша мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне 15 937 салымшы тіркелген. Салымшының жалпы сомасы 7,8 млрд теңгені құрады. Айтпа кетерлігі, 2015 жылдың ақпан айында мемлекеттік сыйақының алғашқы төлемі берілген болатын. Ол 4,7 млн теңгені құрады. Ал 2016 жылдың өзінде бұл көрсеткіш

Тәуелсіз ел болашағы – білімді ұрпақ! Ал білімді жастарды қалыптастыру үшін нақты қадам керек. Осы тұрғыдан алғанда, 2013 жылы елімізде қолға алынған мемлекеттік білім берудегі жинақтау жүйесі ең оңтайлы әрі ізгілікті жоба деп айтуға болады. Бүгінде кез келген отандасымыз баласының елімізде немесе шетелде оқуына жоспарлы түрде қаражат жинақтай алады. Қазірдің өзінде жобаға қатысушылардың саны 16 мыңға жуық. Бағдарламаның негізгі операторы білім және ғылым министрлігіне қарасты «Қаржы орталығы» АҚ жүйеге қатысушылардың санын алдағы уақытта жылына 5 мың адамға ұлғайтып отыруды көздеп отыр. Балаға білім алуы үшін жағдай жасаудан артық қамқорлық жоқ екенін ескерсек, жыл соңына дейін білім депозитін ашып, балаңыздың болашағына үлкен сый жасаңыз!

Білім депозиті - балаңызға жасалған бағалы сыйлық

Жарқын болашақтың кепілі!

325,6 млн теңгеге жетіп отыр. «Қаржы орталығы» АҚ еліміздегі жоғары оқу орындарымен де тығыз байланыста. Айталық, оқу орындары ұсынатын білім беру қызметтерінің төлемі мен оқу ақысына, сондай-ақ білім алушылардың мәртебесіне қатысты мәліметтерді жинақтау мақсатында орталық жоғары оқу орындарымен 103 келісімшарт жасасты. Сонымен қатар мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі аясында колледждермен 510 келісімшарт түзілген. Қазіргі таңда білім беру жинақтау жүйесі аясында еліміздегі оқу орындарында 214 салымшы білім алуда. Токтала кететін жайт, білім беру депозиттері жеке тұлғалардан бөлек, қайырымдылық қорларына, өз қызметкерлерінің



жылы білім және ғылым министрлігі мен «Бөбек» қоры арасында қайырымдылық көмек туралы келісімшарт жасалған. Нәтижесінде аталған қор балалар үйлерінде тәрбиеленіп жатқан 7770 балаға білім беру депозитін ашты. Ал бұл еліміздегі ата-ананың қамқорынсыз қалған балалардың шамамен 90 пайызы мемлекеттік грантка иіпге алмаса да болашақта жоғары оқу орнында немесе колледждерде білім алуына мүмкіндігі болады деген сөз. «Бөбек» қорының мұндай қайырымдылық шарасы ата-анасының сүйіспеншілігі мен қамқорлығына ада қалған балалардың өз болашағын табысты өрістетугіне жол ашатыны сөзсіз. Мұнан бөлек, 2015 жылы білім

және ғылым министрлігінің бастамасымен «Өзінен баста!» қайырымдылық акциясы қолға алынды. Оның мақсаты - тек қарапайым азаматтарды ғана емес, сонымен бірге бизнес-қоғамдастық өкілдерін, еліміздің көрнекті қайраткерлерін мұқтаж балаларға білім беру жинағына ашуға тарту. Аталған акцияға көптеген танымал тұлғалар, соның ішінде Парламент депутаттары, мемлекеттік органдар қызметкерлері қатысып, балаларға білім беру депозитін ашты. Жалпы алғанда, әрбір басшының білім беру жинағын қызметкеріне немесе оның баласының атына ашып, оны ынталандырушы шара ретінде қолдануға мүмкіндігі бар. Сол секілді 2015 жылы «Нұр Отан» партиясымен бірлескен акция да жүзеге асты. Осының арқасында жетім және асыраушысынан айырылған, қамқоршылыққа алынған 2077 балаға білім беру жинағы ашылды. Бұндай игі дәстүр биылғы 2016 жылы да жалғасын тапты. Мәселен, соның бірі жақында әйгілі боксшымыз, 2016 жылғы Олимпиаданың күміс жүлдегері Василий Левит «Цеснабанкте» Астанадағы балалар үйінің тәрбиеленушісі 2-сынып оқушысы, Алтынбек Бағибергеновтің атына арнайы білім беру депозитін ашқан болатын. Енді мектеп бітіргенге дейін Алтынбектің есепшотында қомақты қаржы жинақталуы тиіс. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінде ашылған депозиттің кірісі жыл сайын 21 пайызды құрайды, оның 7 пайызы мемлекеттік сыйақы, қалған 14 пайызы — банктің сыйақысы. Бұл тек Алтынбекке емес, есепшот ашқан әрбір отандасымызға тиесілі. Бір сөзбен айтқанда, білім депозиті — балаңыздың болашағына жол ашу. Ендеше жана жалаң жанаңша сыйлық жасасңыз. Жыл соңына дейін үлгерсеңіз, мемлекеттік сыйақыдан да құр қалмайсыз.

Толқын ЕРЛАНҚЫЗЫ

Мерей

Көпхитты мемлекетіміздің мүдделі бағыты респуьликамызды мекендеген барлық халықтардың рухани тхтмастығымен сипатталады. Ал біздегі дәуірлік қасіреттің дәстүрімізге дақ тхсіре алмаған бір себебі – халқымыздың өмірі де, көңілі де жомарт әрі өте сабырлы. Сәл нәрсеге деген қуанышы арқылы қияметтің де мысын баса білген мерекелі ел. Жоғалаан бір тоқтысы табылса, оның орнын бір тоқты сойып атап өтуге де әзір. Осындай кішігірім бас қосудан бастап, аламан бәйге қосқан алқалы мерекеге дейін өте көңілді өткізуді қалайды. Той атаулы көңіл көтертіп дем атуға ғана жәрдемдеспей, той иесінің көпшілікке деген ықылас-ниетін жеткізуге де атсалысады. Көңілдегідей жыын өткізудің негізі – оған кеткен материалдық шығынға ғана емес, оны жсргізетін дәстүрлі той асабасына да байланысты. Асаба жсргізіп қана қоймай, тойдың сапалы да көркем өтуіне жсәне бүгкіл тәртібіне де жауап береді. Тойды у-шусыз, тыныш өткізудің өзі де заманды замана жалғастырып, оптимистік рухтандыру құдіретіне ие болған табиғи дарын мен қажымас ізденісті қажет етеді. Өкінішке қарай, көптің пейілінен өз бағасын алса да көп баспасөздің бір де бірінде бұл өнердің құдіреті жайлы ешқандай дәлелді пікір айтылмай келеді.

1971 жылы Алматы өнер институтын тамамдаған Қадыр өзінің еңбек жолын Қазақ ССР ішкі істер министрлігі ән-би ансамблінің әншісі болудан бастады. Кейін дөм-тұзы Шымкентке тартып, мәдениет институты мен облыс филармониясында жемісті еңбек етті. Институттағы оқыту бағдарламасы бойынша оның шәкірттері бірнеше тілдердегі әндерді еркін меңгере бастады.

Кейінгі жылдары кәсіподақтар мәдени-шығармашылық үйі директорының орынбасары қызметін атқара жүріп, фестивальдар мен халық сазы топтарының байқауларын өткізіп, шығармашылық есептер жасады. Оның саз жанрындағы білім-жігері практика жүзінде де нәтижесін танытты. Қадыр, әсіресе, мәдениет министрінің аға нұсқаушысы қызметінде жүріп, шетел және бұрынғы Кеңес Одағы елдерімен мәдени байланыс шараларын орнатуға ерекше үлес қосты. Өзі де Роза Рымбаеваның



Асабалың пен азаматтың

қатысуымен «Сазген» тобының құрамында екі рет шетелге шығып, ұлттық өнерімізді насихаттап қайтты. Алматыдағы әр ұлттың маусымдық мерекелерінің бағдарламасын ұйымдастыру мен оны жүргізу ісіне бір кісідей атсалысып келеді. Әсіресе, орталық демалыс саябағында өткен «Алтыбақан», орыстың Қыс мерекесі, Сүлеймен патшаның бейнесін танытқан Нептун күні, Қапшағай жағажайындағы су мерекесі, «Женіс күні», «Қала күні» мерекелері, сол кездегі санаулы мәдени ошақтың бірі «Әсем» салтанат залында тұрақты өткізіліп келген «Танымалдық, қарындас!» және тағы басқа бағдарламалардың өте қызықты өтуі – Қадыр ағамыздың идеялық талғамының нәтижесі. Елімізде мекендеген бірқатар ұлттардың өнер жанрларын еркін меңгеріп, барынша әр тілде сөйлеп, көңілді бағдарламаны әзіл-қалжынын жарастыра жүргізе білген Қадырдың жан әлемі де – халықтар достығы тұтастығының бір көрінісі сияқты. Мұның өзі уақыт мәжбүрлеген көпұлтты елдің тыныштығын сақтап, саяси жағдайымыздың тұрақтана түсуіне жасалған игі шара. Өліара кезеңде өнерімізді өз тілімізде ғана сайратып, өзгені мезгілсіз өгейіте берсек, ұлттық құқығымызды түсінгісі де келмейтін жат пиғылдылардың қаскөйлігіне де

душар болар ма едік? Ондайда уақытша ортақ тіл табысу үшін екі тілді жетік меңгерген зиялы топ ол кезде ауадай қажет болатын. Дәуірмен санасып, парасатпен қимылдаған Қадыр өзіміздің этнографиялық мұрамызды жаңғырту мақсатында «Наурыз – думан», «Жарапазан – думан», «Қазақша күрес – думан», «Мереке – думан», «Тілашар – думан» сияқты бірнеше думанды кештер өткізіп, Алматы мәдени ошақтарының ұлттық шырайын келтірді. Қазақ өнерінің тамырына тікелей жалғасқан той бастар, беташар, аужар, сынсу, зікір, жарапазан және т.б. халық мәдениетінің жанрға айналды кеткен дәстүрлі үнінің өзіндік табиғатын бұзбай жаңғыртуды жауапкершілікпен қолға алды. Бұл жердегі зікірді дінмен немесе жарапазанды «жарамазан» деп әлдекімдер айтып жүргендігі ислам дәстүрімен ойна шаптастыруға болмайды. Ол кісінің еңбектері арқылы этнографиямызды елестетудің жолы да өте қарапайым. Кезінде жұбайы Майра Рысалиева жетекшілік еткен «Ғасырлар салтанаты» шығармашылық бірлестігінің арқасында шаман дініне сабақтасып, дәуірлерді жалғастырған бақсылықты сахна арқылы зерттеп, жандандырудағы еңбегі көрермен қауымының ықыласымен бағаланды. Ол кезде бақсылардың шайтандар мен әртүрлі дерттерден сақтандыратын сөздерін мен жыр жолдарына айналдырып, әнші Бекболат Тілеуханов оны қобыздың сарынымен әрлей түскен еді. Басы Қойлыбай бақсы жайлы жырдан басталып, әрі қарай мен дайындаған

түсті. Бұл шараға дайындалған жобалардың арасында Қадыр Ілиясов пен Марат Тоқашбаевтың екі тілде жазған сценарийі алдыңғы орынға шықты. Олар қамтыған әзіл аралас сайыстардың ішіндегі алтыбақан, жілік сындыру, бұқа тартысы, әжелер күресі, айқайшылар жарысымен бірге цирктегідей есекті сөйлететін қойылымдары да өзіндік формасымен ерекшеленетін.

Ал Қ.Ілиясовтың той жүргізу әдісі қонақтардың жас шамасына, іс саласына қарай өзіндік психологиясын жете меңгерумен сипатталады. Уақыт мәжбүрлеген ұлтаралық ынтымақтастықтың да шынайы көрініс табатын тұсы осы тойда десек, оның асабалық тәжірибесі де ұлттар тұтастығының жарасымды жүйесінен туындайды. Той, жындыларды шоуға айналдырып, көбіне жеке дауыстан гөрі әндерді де көпшілікпен бірге айтқанды ұнатады. Өскен ортасы мен оқыған мектебі оны орыстілді тәрбиеге баулыса да беташарды жүрекпен шыққандай мазмұнды орындап, әрнені жұмбақтап шешен жеткізуінен бойындағы бабадан қалған тектіліктің ұлттық намысқа шындалғандығын байқауға болады. Ойын, би байқаулары, викториналар мен тағы-тағыларды өзіндік ерекшеліктермен өткізетін Қадырға қатысты той әңгімесі, әрине, мұнымен шектелмейді.

Біле білген адам үшін асабалық пен азаматтықтың арасында жік болмауы тиіс. Өйткені, құдай жолындағы берекелі отбасы – қашан да мерекелі. Сабыр мен тәубенің

арқасынада өз дастарқанынан басталған береке мен мереке сыйлақан ортасы мен жүрген жерін де үнемі қуанышқа, думанға бөлейді. Әр қайсысы өзінің екі баласымен әр қиырдан қосылып, өзара тетелес құрбы тәрт баланың ата-анасы атанған Қадыр мен Майра жастау кездерінде жалақыларының белгілі бір бөлігін балалар үйіне сыйлықтар апаруға арнайды екен. Осыған үйренген балалар олардың келуін де тағатсыздана күтетін. Өнер адамының жаны қашан да нәзік. Ата-анасыз тәрбиеленіп жатқан сәбилерді көргенде Қадырдың ертеректе шетінеген бір баласы есіне түсіп, көзіне жас келетін. Балалар үйіне тағы бір жол түскенде бүлдіршіндердің бірі Майра апайға «мамалап» жабысып алыпты. Сол күннен бастап олардың отбасында бесінші бала пайда болды. Қадыр аға бір әңгімесінде балалардың бәріне де шешедей қамқор болып, шомылдырып киімдеріне дейін жуатындығын жасырмады. Есейе келе, бесеуі де өкенің табанақы, мандай терімен тапқан қаражаттың арқасында отандық және шетелдік жоғары оқу орындарын тамамдап, лауазымды қызметтер атқарып келеді. Қазақстанның Қытайдағы әскери елшілігінде жауапты қызмет атқарған бесінші баласы Рақым Қытайдың көне жәдігерлерінің арасынан бес баласын арқалап, оның күйбеніне түскен әке бейнесінің мүсінін тауып, сатып алып, Қадыр ағаға сыйға тартыпты. Жұбайы Майра екеуінің бауырмалдығы әркімді ұлты мен нәсіліне де бөліп жатпайды. Қадыр аға ТМД көлемінде әр ұлттың тойын өткізе жүріп, ұлттық құндылықтарымызды да көбірек насихаттады. Осыған қарап мен асабалықты — идеологияның басты құралдарының бірі дер едім.

Кезінде марқұм болған Айтбай, Шаймерден деген асабалардың бірінің үй алуына, бірінің басқа да жағдайына көмектескені де бар. Бозбала шағымнан әлі күнге дейін туған ағамдай шарапатына бөлегендердің бірегейі — мен үшін де осы Қадыр ағамыз екенін естен шығара алмаймын. Қарын ашқанда қаражаттың, тығырыққа тірелгенде ақылдың көзі болған ағамызға Алла жар болып, денсаулық берсін демекпін.

Мәдениет пен тарихты біртұтас құбылыс ретінде бағалап, оның ұлттық бедерін тундыруға құлшына кіріскен Қадырдың жан әлемі әрқилы қоғамдық қайшылықтарға байлам жасай алатын өзіндік пікірі бар азаматтық шекарасымен де көрнекті. Бұл қасиеттің тектілікпен ұштасуы да ғажап емес. Оның түп атасы Сазанбайдың атымен аталатын «Сазанбай құмы» қыстағына жақын жерден Жошы хан мен оның әулетіне қатысты 300-дей адамның сүйегі жерленген қорымдар табылған екен.Тіпті Шыңғыс ханды меншіктенушілердің ішінде оны найманның Бағаналысынан таратушылар да ұшырасатын сияқты. Қадыр аға да осы рудан тараған Қойлыбай бақсының ұрпағы көрінеді. Оның өз атасы Сымағұл патша жарлығына қарсы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісге қатысып, жазалау отрядтарынан қашып, ағайындарымен бірге Түркістан жақты паналайды. Сол аласапыранда әкесінен көз жазып қалған балаларды Ғани Мұратбаевтың тобы тауып алып, Қызылордадағы балалар үйіне өткізеді. Ондағы балаларды білімі мен қабілетіне қарай жан-жаққа бөле бастағанда Қадырдың әкесі Көшер Орынбордағы рабфакқа, оның қарындасы Жақыш та сондағы педучилищеге оқуға жіберіледі. Кейін Жақыш өзінің бірге оқитын дос қызы Гүлсімге ағасын таныстырып, Қадырдың әке-шешесі осылайша шаңырақ құрған екен. Тағдырдың айдауымен өз ата-әжесіне Түркістаннан топырақ бұйырып, кейін балалар нағашы атасы Ілиястың атына жазылып кетеді. Көшер Ұлы Отан соғысынан мүгедек болып оралғанына қарамастан, Талдықорған жақта бірнеше мәрте кеңшар директоры, ауданның 1-хатшысы болып, сондай-ақ облыс басшылықтарында жемісті еңбек етіп, мемлекеттің жоғарғы марапаттарын иеленді. Бұл әулеттің тарихын қазбалай берсек — бір кітаптың жүгі. Оның бүгінгі токтер нәтижесінің бірі — жігітке тән жеті өнерге қоса, жеті жұрттың жүгіне татырлық ұлттық жауапкершілікті көтерген Қадыр ағаны азаматтық келбеті.

Аманғазы КӘРІПЖАНӘУЛЕТІ

(Басы 1-бетте)

Көңіл көзінен өткізіп, жәуір пернесі дөп табылып айтылған ән тыңдаушысының да санасында ұзақ уақыт сақталары сөзсіз. Осы орайда: «Шіркін, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтырушым сен болсайшы, Абай!» дейтін ән дәлділі Біржан сал тілегінің астары да осы ойымызбен тоқайласса керек.



Иә, «Ән дегеніміз — сығымдалған драматургия». Музыка зерттеушісі Ілия Жақанов әнге осындай анықтама береді. Демек, әннің тағдырын зерделеп, жүрек көзінен өткізіп, сезініп айту — орындаушынан да саликалы зерттеу мен салмақты сараптаманы қажет етеді екен. Жүректен шыққан әннің жүрекке жетуі деп жататынымыз да орындаудың осы талабы орындалғанда ғана жүзеге асса керек.

Мәселен, әйгілі «Транссібiр экспресi» фильмiндегi сай-сүйегiнiздi сырқыратып, жаныңызды әлем-тапырық күйге түсiретiн:

*Өмiрге ерте туып асыға өскен,
Дүниеге адам қонақ түней көшкен.
Ер туып, ел қорғаған ата-баба,
Бұл күнде iзi жатыр, тозаңы*

өшкен...

— деп, ең даланы шарлап, дарқан дүниені дүбірлетіп өткен бабалар үнін құлағымызға әкелетін Шәкен Аймановтың орындауындағы «Жырма бес» аталатын кен тынысты осы бір керемет ән есіңізде болар. Дауыс мүмкіндігі

сүйген жары Сүлеймен деген нар тұлғалы, елдің халық құрметтеген ардақты азаматы болғандығын, оның «Балқадіша» әнін өте жақсы көргенін, Балқадішаға арналған әнге сүйсінгеннен, әншілерге, Балқадішаның өзіне үнемі айтқызып, Ақан серінің талантына бас иіп өткен адам екенін жақсы бейнелеп көрсеткен деректері-ақ, біздің бүгінгі әншілердің «өрімдей қыздың сексендегі шалға ұзатылды» деп зарлануының бекер екендігін колмен ұстатқандай етіп дәлелдеп берген жоқ па?

Кейде, керісінше, Біржан, Ақан, Мұхит, Жаяу Мұса сынды тағдырлары күрделі тұлғалардың жүрек қылын, ішкі жан дүниесін иірімдерін беретін әнді тым көтеріңкі, жеңіл-желпі орындайтын әншіні тыңдап, жан жүрегіңіз қарс айырлатын тұстар да аз кездеспейді. Бұдан не түйеміз? Ән, әсіресе дәстүрлі ән өзін орындамас бұрын, кез келген әншіге туынды тарихынан мол мағлұмат беретін деректік жәйттерге қанығып, тереннен ізденуді жүктейді. Тағдырын біліп салған ән тындарманын да

салыпты. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Хабиба Елебекованың айтуынша, осы кезде Жүсіпбек әнші бір сәт Каллекиден көз алмай қарап қалады. Бір сәт Мәдилін орнына өзін қойып, ән аяғын іздеп шарқ ұрады, қайталап айта береді. Әннің төрт шумағын айтып бітіреді де, енді аякқы қайырмасына келгенде ызалана кектенген күшті де қайратты дауысты қосады. Дауыс ең жоғары сатысына жетіп, қайта төмендей бастайды. Бірақ жасық, қаймыққан үн емес, сол жігерлі, сол қажырлы қалпында мұқалмай келе жатады. Төмендеп келген ән дыбысы «Оу, Арқадағы» деп барып тыныс алады. Сонда көзі бақырайып, әншіге үнсіз таңдана қарап қалған Қаллеки: «Көптен іздеген, таба алмай жүргенімді таптым. Айналайын, Жүсекем, мұны енді ұмыта көрме, тағы қайтала. Сенің мына тапқан қайырмаң Мәдилін ғана өшпенділік кегі емес, сол заманның тар жол, тайғак кешуінде қыспақта келген, үнін шығартпай, тірілей көмгісі келетін бас кесер, дүлей қара күштеріне кек шығар. Сол ыза, сол кек бүгінгі ұрпаққа да жалғасып,

Мәди көрген зорлықты еш уақытта қайталаптасқа үндейтіндей. Кекпен суарған алмас қылыштай жігерлі күш бар, бұл қосқан әннің аяғында, — деп риза болған екен.

Қаллеки сынды әділ сыншы, бапкері бар Жүсіпбек Елебековтей әншілердің әнді жеткізудегі осындай ерекше ықтияттығы, ой тереңін ұғына алып, ән драматургиясы мен тағдырына үлкен ізденіс тұғысынан келетін таным тереңдігі болса кере, Алтын қордан ара-тұра беріліп қалар осы орындаудағы әннің қай-қайсы да тыңдаушысын бей-жай қалдырмайтындығы, Біржан, Ақан, Мұхит, Мәдилердің серілік құрған заманын көз алдымызға айна-қатесіз әкелетіндігі, сол

дәуірді әнмен бірге Сіз де кешіп жүргендей ерекше суреткерлік әсерге бөлейтіндігі. Демек, ән иірімі әншіге сұңғыла сезімталдықтан бөлек, актерлік шеберлік пен үлкен білім иесі болуды да талап етеді. Әйтпесе, нотаны әркім-ақ орындайды. Ал жан жүректен, ән тағдырын сезініп, көңіл көзінен өткізіп айту, орындау барысында әннің өзіне айнала алу — тек әншінің өншісінің ғана қолынан келсе керек.

Еркін ШҮКІМАН,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, дәстүрлі әнші:



— Ділімізге өркеніеттік ынаптық әбден орнығып алғандығынан болуы керек, қанша айқайлап, бақырып, қанша драматургия жасап жатсақ та, әнімізден Біржан сал,

Ақан сері, Үкілі Ыбырайлар өмір сүрген қаймағы бұзылмаған қазақты дәуірдің ісі бәрібір аңқырмайды. Тыныштықбекіше айтқанда, аңқыр жоқ. Бірдеңе істейміз десек, кексеемізді кейін тартып тұратын жалқаулығымыз, оқығымыз келмейтіндігі тағы бар. Әнігіе сыртқы жылтырлықтан бұрын, ең алдымен ішкі тереңдік қажет. Кітап, газет, шыққан мақалаларды жүйелі оқып тұрудың өзі-ақ интелектуалды өсіреді. Әсіресе, әнігіе драматургияның заңдылықтарын меңгерудің пайдасы зор. Тартпа да жші баруды әдетке айналдырса, артық болмас еді.

Бетгі дайындаған Назерке ЖҰМАБАЙ,
Астана


«Келешекте қандай ән болады деп сұрасаң, XX ғасырдың екінші жартысынан басталған бүліну енді ешуақытта түзелмейді.

Енді еш уақытта қазақтың ұлттық композиторы болмайды».

Композитор, музыкатанушы, Қазақстан мен Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Ілия Жақановпен сұхбаттасқанымызда осылай мәлім етті. Дала сазының академигі атанған, 100-ден астам әннің авторы Ілия Жақанов эстрада жанрына да қатысты біраз өзекті мәселені көтерді.

Жас қазақ: Аға, өткенде сіздің аузыңыздан: «Енді еш уақытта қазақтың классикалық әні болмайды» деген пікірді естіп қалып едік... Сонда бұл тынысы кең, қазақтың нағыз қалпын танытатын әндер енді ешқашан тумайды деген сөз бе?

Ілия Жақанов: Әуелі мына бір жайтты айтқым келеді. Сендер, жастар, қазақтың



Ілия ЖАҚАНОВ:

ЭСТРАДА – ҚАЗАҚТЫҢ БОЛМЫСЫНА ЖАТ ҚҰБЫЛЫС

дәстүрлі ән корифейлерінің кімнен басталатынын білмейсіңдер. Қазақтың классикалық әндерінің ұлы атасы кім дегенде, Біржан салдан бастау керек. Біржан салдан соң Ақан сері, одан кейін Ақан серіге шәкірт болған Үкілі Ыбырайлар кетеді. Енді нақты сұраққа келейік, қазақ халқының басына түскен неше түрлі қайғы-қасірет, қилы-қилы кезең, ауыр сындар болды. Қалмактармен күрес 200 жылға созылыпты. Соның ең апогеі — «Ақтабан шүбырынды, Алқакөл сұлама» трагедиясын тудырған «Елім-ай» әні. Міне, «Елім-ай» әні қазір қазақтың ұлттық гимніне айналды.

Бұл ән — болашақ ұрпақтың киелі бір тірегі іспетті. Ел болудың, тұтастығымызды сақтаудың, ұлт болып өмір сүрудің жарқын үлгісі осы — Әлкей Марғұлан тапқан «Елім-ай» нұсқасында керемет сақталған. Қайда қырылмадық, қайда қосылмадық біз. Ол жай ғана ән емес, мұқым халықтың діті мен ділі, жүрегі, бүкіл қайғы-қасіреті, бүгінгі өмірі, келешегі қамтылған үлкен толғау жыр. Мұны айтып отырған себебім, қандай бір ауыр кезеңді өтпейік, ешуақытта қазақ әні дәл өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап бұзылғанындай, бұзылған жоқ еді. Эстрада — қазақтың болмысына, дітіне, бүкіл табиғатына жат құбылыс. Эстрадалық ән еш уақытта қазаққа болған емес. Бұл — батыстың музыкалық экспансиясы.

Әр халық болмысын, өзінің ұлттық музыкалық діті мен ділін сақтаса, мұндай сұмдық болмайды. Бірақ біз ауыр жылдарды бастан кешірдік. Батыстан ағылып жеткен жағымсыз әсерлер жастарымыздың санасын улады, әлі де улап келеді. Телевидение, ғаламтор, компьютер арқылы беріліп жатқан сұмдықтардың барлығы қазақтың қайнарын лайлап бітті. Жастардың қиялын ұрлап жатыр. Келешекте қандай ән болады деп сұрасаң, XX ғасырдың екінші жартысынан басталған бүліну енді ешуақытта түзелмейді. Енді еш уақытта қазақтың ұлттық композиторы болмайды. Осы естерінде болсын.

Кешегі кеңестік кезеңдегі керемет музыка тудырған Ахмет Жұбанов, Мұқан Төлебаев, ұлты басқа болса да Ләтиф Хамиди, Евгений Брусиловскийлер, Бақытжан Байқадамов, Қапан Мусиндер, олардың бергі жағында романстан бастап, операға дейін толғаған Сыдық Мұхамеджанов, солардан кейінгі Мәкәлім Қойшыбай, Нағым Мендіғалиев, Кенжебек Күмісбеков, Теміржан Базарбаев, Мыңжасар

Маңғытаев, Мансұр Сағатовтар ұлттық өнерге үлкен олжа салған болатын. Сонау ықылым заманнан келе жатқан дәстүрлі Ахмет Жұбанов рухымен жалғаған композиторлар қай жанрда жазса да ұлттық колоритпен, ұлттық нақышпен жазды. Бірақ, сол тамаша дәстүр 70 жылдарға келгенде нілдей бұзылды. Біз — Шәмші Қалдаяқов, Ілия Жақанов, Әсет Бейсеуов, «Махаббат вальсімен» шыққан Бекен Жамакаев бұл дүрбелеңнен бұрын сәл ертерек шығып, 60-жылдардың композиторы болып, өзіміздің алдымыздағы аттарын атап өткен Ахмет

Жұбанов, Евгений Брусиловскийлер жасаған, Ләтиф Хамидилер тудырған вальстерден ауытқығанымыз жоқ. Сол үлгіде ән жаздық, әлі де жазып келе жатырмыз.

Ал енді сіздер армандап отырған, ұлттық композитор дегеніңіз — енді мына заманда болмайды. Бұл — біздің заманның, бүгінгі күннің, ертеңгі күннің қасіреті. Қазір өздерің қандай ән тыңдайсыңдар? Жарқ-жұрқ еткен мән-мағынасыз әндердің жетегінен шыға алмай келесіңдер. Халыққа ұсынылар, сахнада орындарлар әндер ешқандай да талғам талқысына салынбайды, кеңестік идеологияның тұсындағы жүйе, көркемдік кеңес деген жоқ. Кім болса, не болса сол кетіп жатыр. Артық кетсем кешірсіз, эфирдегінің дені коқыс. Ал кейбіреулер, тіпті музыкадағы «бомж» сияқты жүр. Бұл деген сұмдық қой. Қазақ өз болмысын, жаратылысын, тарихын әнде қалдырған. Ал бүгінгі әндердегі қазақтың келбетін елестетуге бола ма? Әрине, жоқ! Бұл — азған, тозған, өзінің мекені, елі мен жерін кез келген уақытта сатып, шетел асып кетіп қалатын сұмдықтардың заманы болып тұр қазір.

Жас қазақ:
Эстрада

дегеннен туады, мәселен, егер бүгінгі күннің көзқарасымен алсақ, сол замандардағы Біржан сал, Ақан сері, Мұхиттардың әні эстрада демесек те, қазіргі тілмен айтқанда өз кезеңінің «хиты» болды ғой. Барлығы орындады. Ауыздан ауызға таралды. Осыдан-ақ, өткен күн мен бүгінгі заман адамдарының талғам өресін бағамдай беруге болатын шығар...

Ілия Жақанов: «Хит» деген сөзді айтуға болмайды. Кез келген халық әнін қазіргі техниканың бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өңдеуге, құлыптуға болады. Мысалы, «Ой, көк, игігай көк! Ой, көкем, япырым-ай, Жастық дәурен өтеді-ай» деген жолдар. Бұл — эстрада емес. Қазақтың шалқар көңілді әндері. Эстрада деген сөзді еш уақытта қазаққа қолданбаңдар, ол біздің табиғат, болмысқа жат. Бибігүл Төлегенова апаларың бір сөзінде: «Эстрада деген сөзді айтпаңдар маған, ол — мен үшін нөл» — деді. Мен де сол түсініктемін. Эстрададан, эстрададағы желікке, әулеті әндерден бізді «Ой көк», «Бипыл», «Маусымжан» сынды өзіміздің жайсаң әндер ғана құтқарады.

Жас қазақ: Байқаймыз, әндеріңізде қырғыздық сарын басым келеді. Оған Шынғыс Айтматов екеуіңіздің араларыңызда ұлы достықтың қаншалықты әсері бар?

Ілия Жақанов: Ол Шыңғыстан бұрын басталған. Біздің ел қырғыздармен ерте араласқан. Ашаршылық жылдары жан-жаққа бет-бетімен кеткен ағаларымыз ашаршылық басылып, бәрі тоғысқанда елге бір-бір қырғыз келіншектерін алып келді. Сәбиға, Бәтімә, Сәлімә деген жеңгелеріміз болды. Өрімді жап-жас кездері. Соғыс басталып кеткенде, сол жеңгелеріміз қолында орақтары бар, шығысқа қарап тұрып егін орады. Бір уақытта белдері талып, шаршайды. Сонда қырғыз әндерін шырқап, шаршағандарын басады. Қырғыздың лирикалық әндері о бастан осылай-осылай елімізге сіңген, әкелеріміз, шешелеріміз, ағаларымыз айтатын әндер еді. Шыңғыс Айтматовтың «Жәмілә» повесін оқығаннан кейінгі әсер елітіп, «Данирдың әні», «Жәміләннің әні» туатын сәтте жаңағы қырғыз әндерінің бәрі менің «Елім-айым», «Айнамкөзім», «Қараторғайым», «Балқадішам», «Екі жиренім», «Баянауылым» сияқты ту сыртымда тұрды. Міне, әуезді әндерімнің барлығын сол музыканың әуезімен, толғанысымен жаздым.



ҚАЗЫНА



Кез келген қыз-келіншектің зергерлік бұйымдары, асыл тастары, онда бейнеленген ою-өрнек әсем келбетіне әдемі үн қосып, сымбатын одан әрі ажарландырып, тартымдылығын арттыра түседі. Олай болса, сұлулықтың нышаны болған ұлттық әшекейлерімізге қысқаша шолу жасап өтейік.

Алка — омырауға тағатын, көбіне күмістен жасалатын көркемдік бұйым.

Білезік — күмістен, алтыннан соғылады. Жасалуына қарай алтын білезік, күміс білезік,

Қазақ халқының ерте заманнан бастау алған зергерлік өнері халық өмірімен, тарихымен, шаруашылығымен тығыз байланыста далып келеді. Адам баласы ежелден әшекей бұйымдарды киімнің ажырамас бөлігі ретінде санаған.



Ұлттық зергерлік бұйымдар

құйма білезік, сағат білезік, топсалы білезік, бұрама білезік, қос білезік т.б. түрлері бар.

Жүзік — қымбат тастардан көз орнатылған жалпақ сақина түрі. Оның еректер де, әйелдер

бұйымдары да, киімге тағатын түрлі қосымшалары да, тазалыққа қажетті бұйымдар да, ас жабдықтары, киіз үйдің ағаш қаңқасының, жиһаздардың, ағаштан және теріден жасалған ыдыстардың, саз аспаптарының, қару-жарақтардың, ат әбзелдерінің бекітпелері де осы зергерлердің қолынан шықты.

Зергерлік бұйымдардың стилистикасы да географиялық жағдайға, ең бастысы, қазақтардың тұрмысының көшпелі салтына орай соншалықты сан алуан болды. Азияның далалық аймағының алып кеңістігіндегі көшпенділердің тұрақты түрде көшіп қонған атмосферасында,

түрлі халықтармен араласуында, олармен мәдени құндылықтарды алмасу кезінде қазақтардың зергерлік өнері дамып, байи түсті. Қазақ зергерлерінің сүйікті материалы күміс болды. Зергерлік бұйымдары жөнінде сөз бола қалса,

бәрінен бұрын, олар қаншалықты сәнді болса, соншалықты жаман нәрселерден қорғау қасиетіне ие болып, сондай мәніне қарай олардың қалып мен ою-өрнек алғанын, жасалынатын материалының да түрліше болғанын ескерген жөн. Күмістің жылтылы мен түсі айға, айдың жарығына баланды. Олардың ойынша, «Боз ғаламшар» мен күміс бір-бірімен

тығыз байланысты;

де салатын түрлері болады. Отау жүзік, құдағи жүзік, қарала жүзік, ақым жүзік деген атауы бар.

Капсырма — әйел қамзолына, шапан сияқты киімдеріне тағылатын түйме қызметін атқаратын жалпақ күміс бұйым. Кейде әдемілік үшін бірінің астына бірі, бірнешеуі қатар тігілетін болған. Кейбір жерлерде қаптырманы ілгек деп те атайды.

Сырға — құлаққа тағатын сәнді асыл бұйым. Оның сапасына, құрамына сай көптеген түрі болады: ай сырға, тас көзді сырға, күмбез сырға, салпыншақ сырға, сабақты сырға, шашақты сырға т.б.

Тұмар — сәндік үшін немесе Құран сүрелері жазылған қағаз салынатын омырауға тағатын жұмыр түтікше тәрізді жасалған салпыншақты бұйым. Тұмарша, бойтұмар деген түрлері бар. Зергерлік бұйымдарының тағу ерекшеліктері

Қазақ зергерлері (*зер-зар — парсы тілінде алтын дегенді білдіреді*) әрқайсысы жеке-дара жұмыс істеп, өз ұсталығын атадан балаға мұра етіп қалдырып отырды. Әйелдердің әшекей

металды түнгі жарықтың бір бөлігі ретінде қабылдап, оған түрліше күдіретті (*магиялық*) қасиет берді. Баланы шомылдырғанда суға күміс теңге мен күміс сақина тастап, «Баланың күні күмістей жарық болсын» деуі тегіннен-тегін емес.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Астанада Халықаралық Түркі академиясының жыл қорытындысы барысында академияның қолдауымен жарыққа шыққан 50-ге жуық кітап таныстырылды. Осы құнды мұралардың қатарында қазақтың маңдайына біткен әйгілі тхлгасы Тұрар Рысқұловтың Моңғолияда болған кезіндегі қайраткерлік өміріне арналған екі бірдей кітаптың жарық көруі өте қуанышты жағдай.

Екі кітап

BAQ.kz. хабарлағандай, кітапты И.Саруул, Ч.Дашдаваа, Н.Болд қатарлы үш автор бірлесіп дайындаған. «Коминтерний төлөөлөгч Тулар Рыскуловын Монгол дах үй ажиллагаа» («Коминтерн мүшесі Тулар Рыскуловтың Моңғолиядағы қызметтері») және «Тулар Рыскуловын Монгол дахь үйл ажиллагаанд холбогдох баримтууд» («Тулар Рыскуловтың Моңғолиядағы қызметтеріне қатысты

құжаттамалар») деп аталатын екі бірдей толымды еңбек сол кездегі Тұрар Рысқұловтың қазақтың ғана емес, нағыз халықаралық деңгейдегі дипломат екенін танытатын еңбек. Екі кітап та академияның тапсырысы бойынша Ұланбатыр қаласында басылып шыққан. Академия басшысы Дархан Қыдырәлінің айтуына қарағанда, бұл істі қолға алып, жүзеге асыруға Моңғолияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Сүхээ Жагир мырзаның, Моңғолия орталық архив басқармасы мен орталық музей басшылығының еңбегі зор.



ТҮСАҢКЕСЕР



ҚҰТТЫҚТАУ



ШҚО Аягөз ауданы Тарбағатай ауылының тұрғыны аяулы анамыз Күләнда НИЯЗБЕКҚЫЗЫН – 70 жас мерейтойымен құттықтаймыз! Анамызға төмендегі жыр жолдарын арнаймыз!

*Қиналсам демеу, тұрғызып алар сұрінсем,
Тіреуім – өзің, өмірден мынау тұлқисем.
Тағдырдың қатал тепкісін көрген анашым,
Туған күніңді тойламаушы едің бұрын Сен.*

*Кеткенде әкем, қасыңда қалды бес бала,
Оларға жоқ-тын өзіңнен басқа еш пана.
Бойыңды тіктеп, тағдырға тіке қарадың,
Таба болмадың дұшпанмен қатар досқа да.*

*Әкем кеткенде 35-те едің Сен кеше,
Қайтейік, тағдыр әкеме ғұлтыр бермесе?!*
*Одан беріде өтінгі тура – 35,
Тағы 35 берсе екен Құдай ендеше!*



*Ізгі тілекпен: балалары, немерелері
2016 жыл*

ЖЕҢІЛДІКТЕР

ДО

-%

скидки

ДЕЙІН

70



г.Алматы, Головной офис Тел: 8 727 253 01 14
г.Алматы, пр. Достык Тел: 8 727 225 88 81
г. Алматы, ул Фурманова Тел: 8 7272 670 419
г. Алматы, пр-т Сейфуллина Тел: 8 7272 795 724
г. Алматы, пр-т Алтынсарина Тел: 8 727 303 55 69
г. Алматы, Мик-р. Орбита Тел: 8 727 380 98 87
г. Алматы, ул Ауэзова Тел: 8 7273 75 46 66
г. Алматы, Тц Mart Тел: 8 727 343 51 35
г. Алматы, Трц «Азия Парк», Тел: 8 727 343 59 91
г. Шымкент, пр. Тауке хана, б/н,

www.zugohome.com

Алматы электрмеханикалық колледжінің ұжымы колледж директорының оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары, тәжірибелі ұстаз, тәлімгер маман

Мәди Мұхаметкалиұлы БАТАНОВТЫҢ

меңгілсіз қайтыс болуына байланысты шынайы жүректен:

*Болашақтың ұрпағы үшін қам қылып,
Бара жатсыз ұстаздық із қалдырып,
Шуақ шашқан нұрға толы бейнеңіз,
Жадымызда сақталады мәңгілік! —*

дей отырып, отбасы мен туған-туыскандарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. Марқұмның жатқан жері жәннатта, иманы жолдас болсын!



Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Бас редактордың бірінші орынбасары

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ — қоғам және әлеумет

Макпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тіліші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші

Мехмет СЕМЕРЖИ — фототіліші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Мұхтар ШЕРІМ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67
(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2126
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралының есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.